



ХАБАРШЫ-ВЕСТНИК

***Карагандинской академии
Министерства внутренних дел
Республики Казахстан
имени Баримбека Бейсенова***

№ 1

2019

Қазақстан Республикасы ІІМ
Бәрімбаек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының
2019 жылғы № 1
ХАБАРШЫСЫ
31 наурыз

ВЕСТНИК
Карагандинской академии
МВД Республики Казахстан
им. Баримбека Бейсенова
№ 1 за 2019 год
31 марта

Зарегистрирован в Министерстве культуры и
информации Республики Казахстан

Свидетельство № 12781-Ж от 31.05.2012 г.

Серия основана в 1974 г.

Главный редактор

О. Т. Сейтжанов, кандидат юридических наук, доцент

Редакционная коллегия

*И. А. Насонова, доктор юридических наук, профессор
(Российская Федерация);*

*Н. С. Нижник, доктор юридических наук,
профессор, Заслуженный работник высшей школы
(Российская Федерация);*

*К. М. Осмоналиев, доктор юридических наук, профессор
(Кыргызская Республика);*

*В. В. Кожокар, кандидат юридических наук
(Российская Федерация);*

К. С. Лакбаев, доктор юридических наук, профессор;

А. Х. Миндагулов, доктор юридических наук, профессор;

С. С. Молдабаев, доктор юридических наук, профессор;

З. С. Токубаев, доктор юридических наук, профессор;

А. Д. Шаймуханов, доктор юридических наук, профессор;

С. К. Алтайбаев, кандидат юридических наук;

А. Б. Жакулин, кандидат юридических наук, доцент;

Ж. Ш. Кусаинов, ответственный секретарь

**Над номером
работали**

Редакторы

Е. Ю. Лухтина,
Б. А. Қалиев

Корректор

В. Т. Бирюкова

**Дизайн,
техническое
редактирование и
компьютерная вёрстка:**

С. М. Аубакирова

Сдано в набор 15.01.2019.

Подписано в печать
20.03.2019.

Усл. печ. л. 9,9.

Формат 60×84¹/₈.

Бумага офсетная.

Печать офсетная.

Заказ № 2873.

Тираж 200 экз.

Издается 1 раз в квартал

Материалы редакцией
не возвращаются.

Перепечатка материалов
возможна только
с разрешения редакции.

Тематический план издания
ведомственной литературы
Карагандинской академии
МВД РК им. Б. Бейсенова
на 2019 г., позиция № 1.
Отпечатано в типографии
Карагандинской академии
МВД РК им. Б. Бейсенова,
г. Караганда,
ул. Ермекова, 124.

Қ. Н. Абуғалиев, Ғылыми-зерттеу институтының ішкі істер органдарының қызметін реттейтін заңнаманы зерттеу және мониторингтеу мәселелері бойынша орталығының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

Зорлауға қатысты ТМД мемлекеттері заңнамаларындағы ерекшеліктер

Аннотация. Адамның жыныстық еркіндігіне қарсы бағытталған қылмыстардың қоғамға қауіптілік дәрежесі аса жоғары және ол көп кездесетін қылмыс түрі болып табылады. Бұл қылмыстардың қоғамға қауіптілік дәрежесін осындай қылмыстарды жасау адамдардың заңмен қорғалатын жыныстық өмірінің еркіндігіне қасақана қайшы әрекеттер жасау жолымен жәбірленушілердің имандылық түсінігіне, жан-дүниесіне, адами қасиеттеріне зардап келтіру арқылы адамдардың өміріне, сондай-ақ денінің саулығына қауіп-қатер туындатады.

Мақалада ТМД мемлекеттері қылмыстық заңнамасында зорлау құрамының белгілеріне құқықтық-салыстырмалы талдау жасалған. Автор зорлауға қатысты жауаптылықты реттеудің нормативтік аспектілеріне зерттеу жүргізуге тырысқан.

Түйін сөздер: зорлау, жәбірленуші, кінәлі, сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері, қылмыстық заңнама, күштеп жыныстық қатынас жасау.

Ата заңымыздың алғашқы бабында: «Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады; оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», – деп көрсетілген [1]. Қылмыстық заң адамды кез келген зорлық-зомбылықтан қорғауды қамтамасыз етуі керек. Осы тұрғыдан келетін болсақ, қылмыстан болған зиян мен шығындардың басым көпшілігі қалпына келтіріліп, өтеліп жатқанымен, бұл өлшемге сыймайтын да қылмыс зардаптары бар. Бұған, атап айтқанда, жеке адамның жыныстық еркіндігі мен жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы құқық бұзушылықтардан болған зардаптарды жатқызуға болады.

Зорлау — аталған санаттағы мейлінше қоғамға қауіпті әрекеттердің бірі, ол жәбірленушіге дене зақымын ғана келтіріп қоймай, психикалық денсаулығына да өзіндік теріс әсерін тигізеді. Сондықтан бұл жағдайда аталған әрекеттің белгілерін нақты айқындап, оны жасаған адамға тиісінше жаза белгілеу аса маңызды. Қарастырылып отырған мәселеде ТМД мемлекеттеріндегі заңнама тәжірибесі қызықты да маңызды болмақ. Біріншіден, салыстырмалы талдау жасау кемшіліктерді азайтуға ықпал ететіндей, бұл тәсілдің оны мен терісін барынша нақты ажыратуға мүмкіндік береді. Екіншіден, ТМД мемлекеттері қылмыстық кодекстерінің құрылымы ұқсас. Ендеше жауаптылықты реттеуге бірыңғай мақсаттар, принциптер мен міндеттер, сәйкесінше дәстүрлер мен негіздер қойылғандықтан, ерекшеліктерді зерделеу барынша нәтижелі.

Қарастырып отырған тақырыптың маңызды мәселелерінің бірі — жәбірленуші адам жайында. Қазақстан Республикасының қолданыстағы ҚК 120-бабының орыс тіліндегі мәтінін зерделейтін болсақ, мұнда зорлау тек әйел жынысты адамға қатысты жасалатынын түсінуге болады. Осы баптың қазақ тіліндегі нұсқасына келетін болсақ, тілімізде род категориясы болмағандықтан (елімізде заңдардың барлығы орыс тілінде қабылданып барып, сонан соң қазақ тіліне аударылатыны жасырын емес), аталмыш бап мәтініндегі тек жәбірленуші деген сөзден оның не ер адам, не әйел адам екенін ажырату мүмкін болмайды. Тура осындай мәселені Ресей Федерациясы Қылмыстық кодексінің сәйкесінше 131-бабынан да байқауға болады. Сексологияда, негізінен, «жыныстық қатынас – екі тұлғаның жыныстық ләззат алу үшін, сонымен қатар тұқымды жалғастыру мақсатында екі тұлғаның жыныс ағзаларының қатынасы» [2]. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде зорлауға қатысты түсіндірулер үстірт берілген. Ал орыс тілінің түсіндірме сөздігінде: «зорлау дегеніміз –

жыныстық қатынас жасауға күштеп мәжбүрлеу», — деп көрсетілген [3]. Осыдан барып, қарастырылып отырған қылмысты (зорлауды) сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттерінен саралау және ажырату проблемасы туындайды.

Сот практикасында әйел адамның еркекпен күштеп жасалған кез келген сексуалдық әрекеті ҚК 121-бабымен (сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері) саралануы керек деп саналады. Алайда бұл қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы «табиғи жыныстық қатынастан тыс» зорлаудың ерекше түрлері күш қолданып еркек пен еркектің жыныстық қатынасын, әйел мен әйелдің жыныстық қатынасын немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерді (анальдық секс, оральдық секс, жыныстық қатынас жасағандай болу) қамтиды.

Мұндай кемшіліктер көршілес Өзбекстан, Украина және Молдава елдерінің Қылмыстық кодекстерінде кездеспейді. Оның үстіне осы мемлекеттердегі заңнамалық тәсіл «зорлауды» табиғи жыныстық қатынас (еркек пен әйел адамның кәдімгі жыныстық қатынасы) және «сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттерді» – азғындық жолмен жыныс құмарлығын күш қолданып қанағаттандыру (Украина ҚК 152, 153-б., Молдава ҚК 171, 172-б.), табиғи емес жолмен жыныстық қажеттілікті күш қолданып қанағаттандыру (Өзбекстан ҚК 118, 119-б.) деп нақты саралауға мүмкіндік береді.

Еркек пен әйел адамның физиологиялық ерекшеліктерін қарастыра отырып, «еркекті зорлау мүмкін емес» деген пікірге келетін болсақ, қылмыстық заң жыныстық қолсұғылмаушылықты (жеке адамға қарсы кез келген сексуалдық әрекеттерді жасауға тыйым салу) ғана емес, жеке бастың жыныстық еркіндігін де (өзінің сексуалдық қалауын қалай және кіммен қанағаттандыруды өздігімен шешу құқығы) қорғайды. Осыдан барып, еркекке қарсы әйелдің күштеп жыныстық қатынасқа түсуі кезінде соңғысы күштеп ынталандыруға дейін барады, бірақ ақиқатында жасалған әрекет қалай болса да, зорлау болып табылады.

Кейбір авторлар қарастырылып отырған қылмыстық құқық бұзушылықтарды бір құрамға біріктіруді ұсынады. Алайда бұл жаңалық тиісті диспозицияларды жәнсіз күрделендірумен қатар, қолданылатын терминдердің мазмұнын түсінуде және қолданылу практикасында белгілі қиындықтарды туындататынына күмән жоқ.

Сондай-ақ саралаушы мән-жай ретінде «екі немесе одан да көп адамды зорлауды» ескерген дұрыс сияқты. Бұл белгі Тәжікстан, Өзбекстан және Молдава мемлекетінің заңнамаларында бар. Біздің қылмыстық заңда мұндай нақты саралаушы белгінің болмауы әділдік және теңдік принциптерін бұзып, қылмыстық жауаптылықтың тиімділігіне де теріс әсерін тигізетіні сөзсіз.

ТМД мемлекеттерінің қылмыстық заңнамасы бойынша зорлауға қатысты жауаптылықты төмендегідей кесте түрінде көрсетуге болады:

| Мемлекеттер | Негізгі құрам бойынша ең жоғары жаза | Саралаушы құрам бойынша ең жоғары жаза |
|-------------------|--------------------------------------|---|
| Қазақстан | 5 жылға бас бостандығынан айыру | 20 жылға бас бостандығынан айыру |
| Ресей Федерациясы | 6 жылға бас бостандығынан айыру | 20 жылға бас бостандығынан айыру |
| Әзербайжан | 8 жылға бас бостандығынан айыру | 15 жылға бас бостандығынан айыру |
| Армения | 6 жылға бас бостандығынан айыру | 15 жылға бас бостандығынан айыру |
| Беларусь | 7 жылға бас бостандығынан айыру | 15 жылға бас бостандығынан айыру |
| Қырғызстан | 8 жылға бас бостандығынан айыру | Өмір бойы бас бостандығынан айыру |
| Молдова | 5 жылға бас бостандығынан айыру | 20 жылға бас бостандығынан айыру/ өмір бойына қамау |

| | | |
|-----------|---------------------------------|--|
| Тәжікстан | 7 жылға бас бостандығынан айыру | Өмір бойы бас бостандығынан айыру /өлім жазасы |
| Өзбекстан | 7 жылға бас бостандығынан айыру | 20 жылға бас бостандығынан айыру |
| Украина | 5 жылға бас бостандығынан айыру | 15 жылға бас бостандығынан айыру |

Демек, кестеден көріп отырғанымыздай, зорлаудың негізгі құрамы үшін ең қатал жаза – Әзербайжан мен Қырғызстанда, ал мейлінше жеңіл жаза – Қазақстанда, Молдовада және Украинада. Зорлап жыныстық қатынасқа түскені үшін ең қатаң жаза Тәжікстанның Қылмыстық кодексінде, одан кейін Қырғызстан мен Молдава, одан кейін Қазақстан, Ресей Федерациясы және Өзбекстан мемлекетінің кодекстерінде орын алған.

Жаза тағайындауда адам денесінде болған зардаптармен қатар психологиялық зардаптарды (зорлау құрбанының бойында берілген қоңырау үнінен сескену, көшеге шығудан қорқу сияқты үрей белгілері сақталып, нәтижесінде өмірін есірткі қабылдау, ішімдік ішу сияқты теріс жолға арнайды) да ескерген жөн. Өкінішке қарай, практикада кінәліге жаза тағайындауда мұндай детальдар көлеңкеде қалып қойып жатады.

Осы тұрғыда зерттеуші И. И. Карпецтің «жаза нақты бір қылмыскердің (басқалардың да) қылмыс жасамауы үшін ғана емес, оның сол қылмысты жасағаны үшін де тағайындалады» деген пікірімен келісуге болады [4].

Баяндалғандардың негізінде зорлауға қатысты қылмыстық заңнаманы жетілдіру, ондағы мәтін сөздерінің нақтылығын, түсініктілігін қамтамасыз ету мақсатында төмендегідей тұжырымдар жасауға болады:

- Қазақстан Республикасы ҚК «Зорлау» 120-бабының орыс-қазақ тіліндегі мәтіндерін бірізділікке келтіру;
- зорлауға қатысты жәбірленуші тек қана әйел жынысты, яғни әйел болады деген ұғымды өзгерту;
- зорлауға қатысты ҚК баптарына өзгерістер енгізу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы — Алматы, 1995.
2. Сексология: Энциклопедический справочник. — Минск, 1993.
3. Ожегов С. И., Шведова Н. Ю. Толковый словарь русского языка. — М., 2007. — С. 393.
4. Карпец И. И. Современные проблемы уголовного права и криминологии. — М., 1976.

РЕЗЮМЕ

В статье представлен сравнительно-правовой анализ признаков состава изнасилования в уголовном законодательстве стран СНГ. Автор исследует нормативные и научные аспекты регламентации ответственности за изнасилование.

RESUME

This article presents a comparative legal analysis of the characteristics of rape in the criminal legislation of the CIS countries. The author explores the regulatory and scientific aspects of the regulation of liability for rape.

С. Қ. Алтайбаев, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының бастығы заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

Мекемелерде ұстау жағдайын орындаудың құқықтық талаптары

Аннотация. Мақалада автор қылмыс жасаған кінәлі адамды сот үкімімен белгіленген мерзімге осы үшін арнайы қарастырылған түзеу мекемесіне орналастыра отырып, мәжбүрлеп оқшаулаудан көрінетін бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жаза түрін нормативтік-құқықтық қамтамасыз етуді қарастырады.

Автор қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаны орындайтын түрлеріне кіретін мекемелер жүйесін ашады: қауіпсіздігі барынша төмен мекемелер; қауіпсіздігі орташа мекемелер; кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған қауіпсіздігі орташа мекемелер; қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелер; қауіпсіздігі төтенше мекемелер; толық қауіпсіз мекемелер; қауіпсіздігі аралас мекемелер.

Қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасында бекітілген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның мазмұны қылмыскерді еркін жүріп-тұру мүмкіндігінен айыра отырып, қатаң белгілі бір түрде ұстаудың арнайы қажеттілігін білдіретін арнайы заңдық нысан ретінде әрекет етеді. Бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаны қолдану оның құқықтық мәртебесін өзгертуге, сотталған адамның, ең алдымен, тұрғылықты жерін, жұмыс түрін, сол немесе өзге де өмір салтын таңдау бостандығын елеулі түрде шектеуге әкеп соғады.

Түйін сөздер: оқшаулау, жаза өтеу, жазаны атқару, орташа қауіпсіз мекемелер, қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелер, төтенше қауіпсіз мекемелер, толық қауіпсіз мекеме, жаза өтеудің дағдылы, жеңілдетілген және қатаң жағдайлары.

Оқшаулау түрі жаза өтеудің прогрессивті жүйесінің элементі сияқты бір мекемеде жазаны өтеудің және атқарудың әртүрлі жағдайында көрінеді (ҚР ҚАК 103-б.). Заң шығарушы ұстау жағдайының түрлері орташа қауіпсіз мекемелер; кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелер; қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелер; төтенше қауіпсіз мекемелерде жаза өтеудің дағдылы, жеңілдетілген және қатаң жағдайларын қарастырған, оларға сотталғандарды оқшаулаудың әртүрлі сипаты мен деңгейі сәйкес келеді. Кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерде кәмелетке толмағандар үшін ұстау жағдайының 4 түрі қарастырылған – қатаң, дағдылы, жеңілдетілген және жеңілдікті (ҚР ҚАК 150-б.) [1]. Сонымен қоса заң шығарушы кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерде сотталғандардың оқшаулау деңгейін жеңілдетіп, оларды мекемелерден бөлек ұстауды қарастырған. Бас бостандығынан айыруды өтеудің ең қатаң жағдайларын заң шығарушы толық қауіпсіз мекемеде белгілеген. Мұнда ұстау жағдайының үш түрі бар, олар — қатаң, дағдылы, жеңілдетілген (ҚР ҚАК 144-б. 2-б.). Толық қауіпсіз мекемеде сотталғандарды оқшаулау камералық орналастыру арқылы қамтамасыз етілетінін ескерсек, басқа жағдайларда ұстаудың қажеттілігі жоқ. Толық қауіпсіз мекемеде жаза мерзімінің кемінде бір жылын өтегеннен кейін, дәрежесі бірінші оң мінез-құлықты сотталғандар жазаны өтеудің дағдылы жағдайларынан жеңілдетілгеніне не қатаң жағдайларынан дағдылысына ауыстырылған сотталғандар жазасын өтейді. Толық қауіпсіз мекемедегі қатаң ұстау жағдайы жаза өтеудің белгіленген тәртібін өрескел бұзатын тұлғаларға және жаңадан келген сотталғандарға қатысты ескерту және бейімдеу функциясын орындайды.

Сотталғанды оқшаулауы бостандықтан айырудың мәнді элементі бола тұра, оның заңға бағынатын мінезін ынталандырудың құқықтық тәсілі ретінде қолданылады. Бас бостандығынан айыруды тағайындау кезіндегі сот белгілеген оқшаулаудың деңгейі жаза өтеу кезінде өзгертілуі мүмкін. Заң шығарушы сотталғанды оқшаулау деңгейін өзгерту мүмкіндігін сот

алғашқы белгілеген мекеменің түрін және ұстау жағдайына тәуелді қылдырып қойған (ҚР ҚК 46-б. 7-б.) [2]. Бірақ мекеменің түрі сотталғандардың еңбекке көзқарасы және мінез-құлқына байланысты өзгеруі мүмкін (ҚР ҚАК 96-б.). Ол, әдетте, оқшаулау деңгейінің жеңілдеуі жағына немесе күшею жағына өзгереді.

Оң сипатталатын сотталғандар жазаны әрі қарай өтеу үшін мынадай жағдайларда ауыстырылуы Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 96-бабында берілген. Онда дәрежесі екінші немесе үшінші оң мінез-құлықты сотталғандар сот алдында мекеменің түрін сот үкімі бойынша тағайындалған мерзімінің кемінде жартысын толық қауіпсіз мекемеде өтегеннен кейін – толық қауіпсіз мекемеден төтенше қауіпсіз, қауіпсіздігі барынша жоғары немесе орташа қауіпсіз мекемеге, жазаны өтеудің жеңілдетілген және жеңілдікті жағдайларындағы сотталғандар онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс үшін жаза мерзімінің кемінде төрттен бірін, ауыр қылмыстары үшін – жаза мерзімінің кемінде үштен бірін, ал бұрын бас бостандығын айыруды өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандар мен жазаның қалған өтелмеген бөлігі кезеңінде жаңа қылмыстар жасағандар – жаза мерзімінің кемінде үштен екісін өтегеннен кейін – орташа қауіпсіз немесе қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелерден қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерге өзгерту туралы өтінішхат беруге құқылы екендігі қарастырылады (ҚР ҚАК 96-б.).

Мекеменің түрін өзгерту үшін анықтайтын жазаны өтеу мерзімі, сотталғанды қамауға алған күннен бастап есептеледі.

Бірақ бұл ережеге қатысты қылмыстардың қауіпті қайталануы кезінде аса ауыр қылмыстар жасағандар, сондай-ақ террористік немесе экстремистік қылмыстар жасағандар, өмір бойына бас бостандығынан айыруға, сондай-ақ өмір бойына бас бостандығынан айыру кешірім жасау тәртібімен белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айырумен ауыстырылған сотталғандар, өлім жазасы кешірім жасау тәртібімен бас бостандығынан айырумен ауыстырылғандар, міндетті емделуден өтпегендер, сондай-ақ емдеу-профилактикалық мекемелерінде мамандандырылған емдеуді қажет ететіндер, дәрежесі теріс мінез-құлықты сотталғандар деп танылғандар қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерге ауыстырылуға жатпайды.

Сонымен қатар жаза өтеу барысында оқшаулау деңгейі өсуі мүмкін. Жазаны өтеудің белгіленген тәртібін өрескел бұзушы болып табылатындар ауыстырылуы мүмкін (ҚР ҚАК 96-б. 3-б.). Олар: дәрежесі үшінші теріс мінез-құлықты және жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзушылық жасаған сотталғандарға қатысты сотқа: қауіпсіздігі барынша төмен мекемеден — бұрын сот үкімімен айқындаған мекемеге; олар сот үкімімен жіберілген қауіпсіздігі барынша төмен мекемеден – орташа қауіпсіз мекемеге; орташа қауіпсіз, қауіпсіздігі барынша жоғары және төтенше қауіпсіз мекемеден – олар толық қауіпсіз мекемеге қайдан жіберілсе, сол қауіпсіздік түріндегі мекемеде жазаның қалған мерзімін өтеумен, үш жылдан аспайтын мерзімге толық қауіпсіз мекемеге ауыстыру туралы ұсыну енгізіледі.

Сотталғанды мекеменің бір түрінен басқа түріне ауыстыру жолымен оқшаулау деңгейі күшею немесе жеңілдеуі осындай тұлғалардың құқықтық жағдайының айтарлықтай өзгеруін ескерсек, ол тек қана сотпен жүзеге асады (ҚР ҚК 46-б. 7-б. және ҚР ҚАК 96-б.).

Мекемеге бас бостандығынан айыруға сотталғандарды қабылдауда оқшаулаудың ерекшелігі оларды 15 тәулікке [3] дейін карантин бөлімшесіне орналастыруда білінеді, олар ол жерде жазаны өтеудің дағдылы жағдайында болады (ҚР ҚАК 93-б.).

Оқшаулаудың айқындылық пен тұрақтылықтың құқықтық принципі (ҚР ҚАК 89-б.) бас бостандығынан айырылуға сотталғандардың жазаның барлық мерзімін бір мекемеде өтеу талабында көрінеді, олар ауырып қалған жағдайда жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, мекемені қайта құру немесе жою, осы мекемеде олардың болуына кедергі жасайтын айрықша мән-жай болған жағдайларда жазасын әрі қарай өтеу үшін бір колониядан басқаға, бір түрмеден басқаға ауысуға мүмкіндік қарастырылған. Бір мекемеден екінші мекемеге сотталғандарды ауыстыру тәртібі ҚР Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 29 наурыздағы «Түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп қағидасы» № 182 бұйрығымен анықталған.

Сотталғандарды оқшаулаудың белгіленген құқықтық талаптарын бас бостандығынан айыру түрінде жаза мағынасын белгілейтін шартты түрде базистік деп сипаттауға болады, оның ішіне оқшаулаудың екі түрі кіреді:

- сотталғандарды сот үкіміне сәйкес белгілі бір режимде және типті мекемеде ұстау кезінде оқшаулаудың деңгейі мен сипатын нақтылауы өз көрінісін табады;
- сотталғандарды ауыстыру кезінде сотталғандарды мекемеден тыс айдауылдау жүзеге асады.

Сотталғанның оқшаулануы құқықтық құбылыс сияқты жазаны өтеумен қоса, тәртіпті орындауды қамтамасыз ету тәсілдері мен жалпы талаптарда өз көрінісін табады (ҚР ҚАК 97, 98, 99, 101, 102-б.). Ол, біздің ойымызша, бас бостандығынан айыруды өтеу және атқару тәртібінің институтында жалпы осы түрдің жаза мағынасы емес, сотталғанның оқшаулауының мәнінен көрінеді.

Оқшаулаудың мәні мен сипаты мекеме түріне, олардың ішіндегі тәртібіне, сонымен қатар сотталған бас бостандығынан айыру мекемесінде жазаны өтеудің нақты жағдайларына байланысты ерекшеленеді. (ҚР ҚАК 136, 138, 140, 141, 143 және 145-б.). Олар сөйлдеу, жақын туыстарымен кездесу, телефон арқылы сөйлесу, сауқат, сәлемдеме және бандерольдер алу, ақшалай аударым жіберу және алу, мекеменің аумағында күзетсіз жүріп-тұру, бас бостандығынан айыру мекемелерінің сыртына шығу сияқты заңда көрсетілген игіліктерді сотталғандарға берудің шектеуі мен құқықтарын құқықтық реттелуде байқалады.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы Қылмыстық-атқару кодексінде бас бостандығынан айыруды өтеу және атқару режимі түсінігі өзгерсе де, яғни режимнің басты міндеті сотталғандарды оқшаулауын қамтамасыз ету мен олардың құқықтарын және заңды мүдделерін сақтау болады, бірақ жаңа заң әрекетінің алғашқы кезеңіндегі теориялық қайнар көздерде бұл нақты көрініс тапқан жоқ. ҚР ҚАК 143-бабына талдау жасау барысында жазаны орындау тәртібін сақтау сотталғандардың сенімді күзетіне және оқшаулауына қажетті алғышарттар жасайтынын белгілеген.

Біздің ойымызша, осында заң шығарушы көзқарасынан ауытқушылық орын алған сияқты, бұл нормада мекемелердегі тәртіп сотталғандардың оқшаулауын қамтамасыз етуге міндетті екенін тікелей көрсетеді. Қазіргі кезде қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде тәртіп пен күзет шаралары сотталғандардың тиісті оқшаулауын қамтамасыз етпейді. Ол туралы қауіпсіздігі барынша төмен мекемелеріндегі айналымға тыйым салынған заттардың, яғни алкоголь сусындарын, есірткі заттарын алып қою деректері мәлімдейді. Сотталғандарды оқшаулаудың қанағаттанғысыз қамтамасыз етілуін сотталғандардың мекемелерден және жүріп-тұру кезінде күзеттен қашу фактілері де айғақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексі №234-V ҚРЗ.
2. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық кодексі № 226-V ҚРЗ.
3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 29 наурыздағы «Түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп қағидасы» № 182 бұйрығы.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются актуальные, теоретически значимые проблемы профилактики правонарушений, совершаемых лицами, ранее отбывавшими наказание в виде лишения свободы.

RESUME

In the given article are considered the actual theoretically significant problems, referring to questions of the preventive maintenance of the offenses, committed by persons, earlier convicted to imprisonment.

Baygutanova A. T., Associate Professor of the Department of State and Legal Disciplines, police lieutenant colonel;

Djiembayev R. K., Head of the Department of State and Legal Disciplines, Candidate of Law, police lieutenant colonel

(Karaganda Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after B. Beysenov)

On the issue of police work optimization

Annotation. The article deals with the optimization of the work of the Kazakh police. The employees of the organs of internal affairs are endowed with quite wide imperious legal powers, and the image of the policeman depends on how they are used by the officers. Especially expected qualities - goodwill, relationship and unselfishness. The authors propose to create, on the basis of the district police departments, special reception rooms in addition to the front offices, to provide psychological assistance to citizens from psychologists. In addition, it is advisable to equip the crews of patrol police with special medical equipment and preparations for the provision of first aid. To this purposes, it is necessary to regularly conduct training courses on the provision of emergency medical care on the basis of medical schools and officially fix the requirement to help people in difficult life situations.

Key words: image, police officer, employee, citizen, society, psychologist, participation, assistance, goodwill

Legal consciousness is a form of social consciousness. Legal conscience is a set of ideas, theories, feelings, emotions, attitudes and other components expressing the estimated psychological attitude of people to legal phenomena and, in general, to the law - inactive, present and desired.

At the same time, deformations of legal consciousness may arise under the influence of various objective and subjective circumstances, for example, legal nihilism, which, unfortunately, is widespread nowadays in all strata of our society. The imperfection of legal norms, the violation of human rights, the replacement of law by expediency, corruption among officials and impunity lead to the non-recognition of rights by people, their lack of faith in its social value and purpose. All this creates a burst of street crimes, fraud, false business, tax evasion and many other negative phenomena. In this case, moral values lose their conformity with universal ideals, namely, spiritual, moral and cultural foundations of public life are deformed. It is problematic to expect the achievement of highly goals in a society with a low level of general culture and moral potential.

Reviewing the problem, it is especially important to emphasize the issues of professional legal consciousness of lawyers, in particular, law enforcement officers. By their actions, they have a direct influence on the public consciousness. Moreover, this influence can be both positive and negative, for example, to promote the development of high legal culture and morality, or vice versa, the formation of nihilistic sentiments among citizens. In the first case, this is facilitated by the manifestation of police heroism, a high degree of responsibility, self-sacrifice and total self-denial, highly valued by society. In another case, the low responsibility of individual officials, the lack of patriotism and lack of desire to serve both Motherland and people, and in extreme cases - the commission of crimes [1].

Thus, the formation of citizens' respect for the law directly depends on the authority of state bodies, their ability to be honest and really solve people's problems. By their activity, state bodies should inspire the population with the idea that the state is the body of expression and protection of the interests of both the individual citizen and the whole society. Without this, it is impossible to outline measures to overcome legal nihilism among citizens and implement the principle of zero tolerance for offenses, the need to form which is noted in the Address by the President of the Re-

public of Kazakhstan, Leader of the Nation, N.Nazarbayev “Strategy Kazakhstan-2050”: new political course of the established state”.

On the other hand, it is important to emphasize that success in overcoming nihilism depends on the active participation of the general public in this process. In this matter, it is also not enough to rely only on legal education or implement the principle of “zero tolerance” for minor offenses by focusing only on the work of law enforcement agencies. It is well known, the stronger the civil society, the stronger the state, the higher the level of legal culture of the population, the more securely it is provided with law enforcement measures, protection against various encroachments, including corruption. As Epicurus put it: “In order to be a free person of state power relations and demand respect for the laws of justice in relation to oneself, a person must consciously assume responsibility for fulfilling similar requirements in relation to other members of society” [22].

Actually, many authors from Kazakhstan emphasize the possibility of reviving and further improving the institution of public police assistants [3].

Why rebirth? Because such practice was used in Soviet times, and quite successfully. Practically every non-convicted citizen of the USSR, working in any organization, on a voluntary basis, from time to time acted as a member of a voluntary public order squad. It was strongly encouraged by the State.

By the way, with all the shortcomings of the totalitarian regime, as a positive moment, one can single out the fact that the Soviet ideology was based on the culture of all peoples, as well as on universal human values. As a result, the Soviet Union has developed a system of moral values based on contempt for money, altruism, the desire to take on the pain of others, burning out at service [4].

Meanwhile, in our opinion, it is quite problematic to revive the practice of public police assistants in modern market conditions, which are characterized by conflicts of interests of various social groups. Unfortunately, there are often cases when people try to cash in on other people's problems. For example, during a transport gridlock, taxi drivers hold up prices, or when truckers who are caught in the snow drift, because of despair, are forced to buy food from the local population much more expensive. The appearance of corruption among individual public officers and the absence of ubiquitous vivid examples of high morality, altruism and an active civil position further aggravate the situation.

We have to admit that propaganda of goodness, high morality and human values are not being conducted sufficiently in the media. A simple man in the street, for example, does not know what kind of good deeds money donations have spent in mosques, churches and other religious organizations. Perhaps, if such actions were widely covered, then traditional religious movements would attract more people. In many developed foreign countries, the Church or the Mosque directly participates in various social projects and charity events, patronage of orphans, shelters for the homeless, etc. There are many such examples in world history.

It is interesting to note that the first overnight shelter in Western Europe was established in 1361. They could use only the decrepit and weak, healthy, after several visits, were refused admission. In England, there were special laws on the poor, helping communities and parishes to care for the poor. In addition, in England, France, Belgium, and some other developed countries, there were quite a few societies that set up and improve working dwellings as their commercial objective [5].

It is interesting to note that the first overnight shelter in Western Europe was established in 1361. They could use only the decrepit and weak, healthy, after several visits, were refused admission. In England, there were special laws on the poor, helping communities and parishes to care for the poor. In addition, in England, France, Belgium, and some other developed countries, there were quite a few societies that set up and improve working dwellings as their commercial objective.

In Finland, homeless people are settled in permanent places to stay instead of overnight stays or hostels. Since 2008, Finland's national strategy for overcoming homelessness has been based on the “Home First” model, developed with the participation of the state, municipalities and non-governmental organizations. During the program, 16.3 thousand apartments were rented to homeless citizens. For these purposes, the former shelters for residential buildings were rebuilt and re-equipped. An individual support scheme is developed for each homeless person [6].

Thus, the history and modern experience of developed countries shows that problems of this category of socially vulnerable persons are given fairly close attention. This circumstance, in turn, is of great importance in the matter of rallying citizens and, as a consequence, raising the level of legal consciousness among the population through the promotion of virtue and the high value of human life.

Domestic journalists also periodically highlight such acute social problems of public life [7]. The problem of homeless people (homeless) for our young state is very relevant, because as a result of the crisis of the 90s, their number has increased significantly and does not decrease today. Today in Almaty alone there are about 10 thousand homeless people [8]. The causes of their financial distress are varied, they are not only associated with a criminal past, alcoholism or vagrancy. This may be a loss of work as a result of a reduction, loss of dwelling as a result of debts, loss of a family or other difficult life situations. Especially not envy such people in the winter season, when the temperature of the air on the street drops to 30 degrees, many of them freeze or become crippled. It is regrettable that this is happening in front of other people, including children.

Despite the fact that urban centers of social adaptation for people who have no fixed abode operate in the republic, there are no elementary hot meals for such people in many cities.

It seems in solving this problem the institutions of civil society could pull together their efforts, initiate interaction with government bodies in this direction, clearly demonstrating to the citizen the example of high moral principles and benefactors.

Specialized large and warm shelter centers for homeless people with hot meals, primary medical care and the opportunity to wash and change clothes could be organized in specially designated areas of large cities. The upkeep of such centers and the organization of meal would be carried out thanks to the charitable activities of the clergy of the region, various public associations, charitable foundations and caring enterprisers and citizens. With the mediation of volunteers, the collection of clothes and additional foodstuffs, dishes, and basic necessities would be organized. The local executive bodies would be provided with communal-economic supply of the centers (construction of premises, provision of heat, hot and cold water, light), primary medical care as part of an inpatient medical post and a police post to ensure that the order maintains public order, suppresses quarrels and acts of hooliganism on the territory of a center. People representatives of the center of social adaptation in the shelters for homeless could help with the restoration or receipt of documents, with employment (for example, janitors or workers of urban public services) who wish, could also carry out activities in the shelters. Together with the internal affairs agencies, employees of the center for social adaptation could keep records of these persons.

People without a certain place of residence should know that they can go to the center, receive first aid, shelter, warm up, meal, wash, get warm clothes.

The night center people, who expressed a desire to reside permanently on the territory, could do housekeeping in the center, for example, prepare food, keep the premises clean, carry out construction work, and take care of the handicapped persons, etc.

Of course, it is rather difficult to implement such a social project, but the deputies of the regional (city) Maslikhat could act as the organizers. Moreover, ensuring the implementation of such a project and attracting the general public to it could be one of the criteria for evaluating the work of local representative bodies.

Based on the above, it would be possible to add to the Law of the Republic of Kazakhstan dated January 23, 2001 “On Local State Governance and Self-Government in the Republic of Kazakhstan” (as amended and added in January 1, 2018) the following amendments:

Part 2, Clause 6 “Competence of Maslikhats” shall be added with clause 2-8 as follows:

– The competence of Maslikhats of regions, cities of republican significance, the capital, cities of oblast significance includes the organization of work to solve the problems of homeless persons, ensuring widespread propaganda of these issues among the public.

Part 1, Clause 8 “Organizational work of Maslikhat” shall be added with clause 1-2 in the following edition:

– Maslikhats, at least once a year, through the mass media, separately report to the population on the done work in the matter of solving the problems of homeless persons.

It would also be possible to consider the issue of the formation of a separate permanent commission of the Maslikhat on this issue. In this case, the number of permanent commissions of Maslikhats could be not seven, but eight.

Paragraph 5 Part 1 Clause 14 "The functions and powers of the standing commissions of the Maslikhat" shall be added and published as follows:

– to involve in the work of the commissions of other maslikhat deputies, as well as representatives of state bodies, organizations, other bodies of local self-government, public associations and citizens.

It should be highlighted that a large contribution to the solution of this problem can be made by religious associations and other civil society institutions. In turn, wide coverage of the problem in the media and the promotion of virtues will contribute to the formation of various public funds in addressing this issue, high interest of citizens to traditional religious associations and their participation through donations of money and other aid.

Thus, in the opinion of the famous ancient Greek philosopher Plato, virtue and order should form the basis of statehood – these are the principles to which everything in the state and society should be subordinated; only this way harmony and perfection can be achieved [9].

LIST OF USED LITERATURE:

1. Dzhiembayev R. K., Ladygina O. A. O problemah formirovaniya pravosoznaniya obuchayuschihnya vedomstvennyih vuzov MVD Respubliki Kazahstan // Vestnik instituta zakonodatelstva Respubliki Kazahstan. No 3 (48) 2017, P. 34

2. Diogen Laertskiy O zhizni, ucheniyah i izrecheniyah znamenitnykh filosofov. Moscow: Myisl, 1986. P. 410

3. Isaeva S. N. Problemy realizatsii printsipa «nulevoy terpimosti» k melkim pravonarusheniyam v Kazahstane. [Aktualnyie voprosy konstitutsionno-pravovogo razvitiya: Matlyi mezhdunarodnoy nauch.-prakt. Konf., posvyaschennoy 20-letiyu stolitsyi Respubliki Kazahstan — goroda Astana]. Karaganda: Karagandinskaya akademiya MVD Respubliki Kazahstan im. B. Beysenova, 2018. P. 29.

4. Babenko A. N. Pravovyye tsennosti i osvoenie ih lichnostyu: Dis. doktora yurid. nauk: 12.00.01. — M., 2002. — P. 123

5. Prezrenie bednykh v Anglii / P. F. Aschrott; Per. M. Krasnov. — Spb.: tip. M. Stasyulevicha, 1901.

6. <http://balticvoice.ru/society/29902>

7. www.zakon.kz/4615447-bezdomnost-zerkalo-obshhestva.html.

8. www.zakon.kz/4454667-v-kazahstane-identificirujut-bomzhejj.html.

9. Teoriya gosudarstva i prava: Hrestomatiya: V 2 T. M.: Yurist', 2001, T. 1. P. 348.

ТҮЙІН

Мақалада қазақстандық полицияның жұмысын оңтайландыру мәселелері талқыланады. Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне мейлінше кең құқықтық-билік өкілеттігі берілген және полиция қызметкерінің имиджі осы билікті қалай қолданатынына байланысты болып отыр. Әсіресе күтілетін жағдайлар — мейірімділік, қатысу және риясыздық. Авторлар психологтардан психологиялық көмек көрсету үшін аудандық полиция бөлімшелерінің фронт-кеңселерге қосымша арнайы қабылдау бөлмелерін құруды ұсынады. Бұған қоса, патрульдік полиция экипаждарын арнайы медициналық жабдықтармен және алғашқы көмек көрсету бойынша дайындықпен қамтамасыз ету ұсынылады. Осы мақсатта медициналық оқу орындарының базасында шұғыл медициналық көмек көрсету бойынша оқыту курстарын жүйелі түрде өткізу және қиын өмірлік жағдайдағы адамдарға көмек көрсету туралы талаптарды ресімдеу қажет.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы оптимизации работы казахстанской полиции. Сотрудники органов внутренних дел наделены довольно широкими властно-правовыми полномочиями, и от того, как сотрудники их используют, зависит имидж полицейского. Особо ожидаемые качества — доброжелательность, участие и бескорыстность. Авторы предлагают создать на базе районных отделов полиции специальные приемные (помимо фронт-офисов) для оказания гражданам психологической помощи со стороны специалистов-психологов. Кроме того, целесообразно оснастить экипажи патрульной полиции специальными медицинскими средствами и препаратами для оказания первой медицинской помощи. В этих целях необходимо регулярно проводить на базе медицинских учебных заведений обучающие курсы по оказанию экстренной медицинской помощи и официально закрепить требование оказания полицейскими помощи людям, попавшим в сложную жизненную ситуацию.

ӘОЖ 343.21

М. Е. Балгожина, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының доценті, философия докторы, полиция полковнигі
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

Қылмыстық құқық бұзушылықтар көптігінің бір нысаны ретіндегі қылмыс рецидиві ұғымы

Аннотация. Мақалада қылмыстық құқық бұзушылықтар көптігінің бір нысаны ретіндегі қылмыс рецидиві ұғымы қарастырылып, оның қылмыстың көптігі институтында алар орны белгіленген.

Сондай-ақ автор осы мақалада қылмыс көптігінің жүйе құраушы элементі қайталанушылық екеніне назар аударып, оның әр нысанына шолу жасау арқылы қылмыс рецидивінің қылмыстық құқықтық сипаттамасын ашуға тырысады. Сонымен қатар қылмыстық кодекстің қазақша нұсқасында қылмыс рецидивінің қылмыстардың қайталануы деп белгіленуіне қатысты пікірін білдіріп, аталмыш ұғымдық аппараттың қылмыстық құқық бұзушылықтар көптігі нысанын беруде қайшылық тудырып, қылмыс рецидиві ұғымының бұрмалануына әкеліп отырғандығын негіздейді.

Түйін сөздер: қылмыстық құқық бұзушылықтар көптігі, қылмыс рецидиві, сотталғандық, қылмыстық-құқықтық құрылым, реалды жиынтық, қылмыстың бірнеше рет жасалуы, қолданыстағы қылмыстық заңнама, қылмыстық құқық теориясы.

Қылмыстық құқық бұзушылықтар көптігі институтынсыз қылмыстар рецидивіне толық қылмыстық-құқықтық сипаттама беру мүмкін емес. Құқықтық құбылыстарды кешенді түрде зерттеу ғылыми әдіснама негіздері талаптарына жауап беріп, тиісті қылмыстық-құқықтық құбылыстың теориялық және заңнамалық түсінігін жетілдіруге, терминологиясын нақтылап, қылмыстық құқық бұзушылықтар көптігі нысанын белгілеудегі ақауларды жоюға мүмкіндік береді.

Қазіргі қолданыстағы қылмыстық заңнама негізінде көптік нысанын зерделеу айрықша өзекті деп санаймыз. Ол, ең алдымен, қылмыстық құқық бұзушылықтардың қылмыстар мен теріс қылықтар деп бөлінуіне және қылмыс рецидиві құрылымының айтарлықтай өзгеруіне байланысты.

Қылмыстық заңнаманы қайта қарастыру кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтар көптігі институтының кешенді түрде зерттелмеуі қазіргі қылмыстық заңнамадағы бірқатар олқылықтың туындауына себеп болып отыр. Қылмыс рецидиві — қылмыстық құқық бұзушылықтар көптігінің құқық қолдану практикасында ең жиі кездесетін нысаны. Қылмыстық құқық бұзушылықтар көптігі дегеніміз — бір адамның түрлі жағдайда әр қылмыстық құқық бұзушылық бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартуға заңды негіз болатын бір қылмыстық құқық бұзушылықтан артық құқық бұзушылық жасауы.

Қылмыстық құқық теориясында кейбір зерттеушілер қылмыстық заңнама мәтініне «қылмыстық құқық бұзушылықтар көптігі» ұғымын енгізу туралы пікір білдіргенімен, бұл термин қылмыстық заңнамада жоқ, ол тек теорияда ғана қарастырылады. Қазіргі қолданыстағы заңнама шеңберінде де, оның алдындағы заңнама аясында да қылмыстық құқық бұзушылықтар көптігі мәселесі кешенді түрде қарастырылған емес.

Қылмыстық құқық ғылымында қылмыстық құқық бұзушылықтар көптігінің дәстүрлі белгісіне мыналар жатады: 1) жеке адамның немесе топтың екі немесе одан да көп қылмыстық құқық бұзушылық жасауы; 2) құрылымы бойынша жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар аяқталған немесе аяқталмаған болуы; 3) қылмыстық құқық бұзушылықтар орындаушы немесе қатысушының басқа рөлінде жасалуы; 4) кем дегенде екі қылмыстық құқық бұзушылық бойынша қылмыстық-құқықтық салдар сақталып, адамды (адамдар тобын) жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың кем дегенде екеуі бойынша қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін процессуалдық кедергінің болмауы [1].

Сонымен, қылмыстық құқық бұзушылықтар көптігі дегеніміз — бір адамның бір әрекет (әрекетсіздік) немесе біртіндеп екі немесе онан да көп әрекет (әрекетсіздік) жасауы арқылы бір немесе әртүрлі қылмыстық құқық бұзушылық құрамына жататын немесе сол адамның сотталу фактісінен кейін (қылмыс рецидиві кезінде заңмен көзделген жағдайда) алдыңғы жасаған қылмыстық құқық бұзушылығының кем дегенде екеуі бойынша қылмыстық-құқықтық салдары жойылмаған және қылмыстық іс қозғау үшін процессуалдық кедергі болмаған жағдайда екі немесе онан да көп қылмыстық құқық бұзушылық жасауы кезіндегі құқықтық жағдайы.

Қылмыстық құқық ғылымында қылмыстық құқық бұзушылықтар көптігіне берілген анықтамалар жеткілікті. Мысалы, А. А. Рождествина: «қылмыстар көптігі — бір адамның бірнеше қылмыс жасап, олардың әрқайсысының қылмыстық-құқықтық нормалармен қарастырылып, өз қылмыстық-құқықтық мәнін сақтауы» [2], — дейді.

И. В. Кушнир «қылмыстар көптігін бір адамның бір уақытта немесе біртіндеп қылмыстық-құқықтық салдар туындатушы екі және онан да көп қылмыс жасауы» [3], — деп түсіндіреді.

Ал В. С. Комиссаров «Қылмыстар көптігі — бұл кем дегенде жасаған екі қылмысы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тарту мүмкіндігі жоққа шығарылмайтын, адамның екі және онан да көп қылмыс жасауы» [4], — деген анықтама береді.

Дегенмен қылмыстық құқық бұзушылықтың қайталану нысандарының барлығы дерлік заңнамалық тұрғыдан бекітілген деп айта алмаймыз. Бұрынғы (1997 жылы қабылданған) қылмыстық заңнамамен салыстыратын болсақ, қазіргі қолданыстағы қылмыстық заңнамамызда есепке алынбаған қайталану нысандары жеткілікті. Бұл, негізінен, қылмыс рецидиві құрылымының өзгеруімен байланысты. Қазіргі қолданыстағы қылмыстық заңнамада онша ауыр емес қылмыс немесе ауырлығы орташа қылмыстар жасағаны үшін сотталғандығы бар адамның санаты бойынша кез келген ауырлықтағы қылмысты қайталап жасау (оның ішінде ауыр және аса ауыр қылмыстар) фактісі есепке алынбайды.

Сондай-ақ ауыр қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айырумен байланыссыз жаза түріне немесе шартты түрде сотталған және соттылығы жойылмаған тұлғаның жаңадан ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасау жағдайлары да қылмыстық-құқықтық мәні бар қылмыстық құқық бұзушылықтар көптігі шеңберінен тыс қалады.

Қылмыстық құқық ғылымында бір адамның екі немесе онан да көп қылмыстық жазаланушы әрекет жасауы оның әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) қылмыстық құқық бұзушылық көптігінің бір нысаны белгісін көрсетіп, адамның криминогенді бағытының жоғарылығын анықтайтындығы туралы пікірлер бар [5].

Қылмыстық құқық бұзушылықтар көптігі нысандарын топтастыру және олардың қоғамдық қауіптілік дәрежесін белгілеу кезінде, ең алдымен, екі немесе одан да көп қылмыстық құқық бұзушылық жасау кезіндегі қайталану белгісінің бар-жоқтығын анықтап алу қажет. Қазіргі заңнама ережелеріне сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтардың идеалды жиынтығында ғана қайталану белгісі жоқ. Себебі бұл жағдай бір әрекетпен (әрекетсіздікпен)

қылмыстық заңның ерекше бөлігінің түрлі бабымен қарастырылатын екі және одан да көп қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалу фактісі жайлы белгіленеді. Ал басқа жағдайда қылмыстық құқық бұзушылықтар көптігінің барлық нысаны қандай да бір қосымша белгілерді құрайтын түрлі нысандағы қылмыстық жазаланушы әрекеттердің қайталану белгісінен тұрады. Қылмыстық заңда қарастырылатын қылмыстық құқық бұзушылықтар көптігімен қатар, заңмен реттелу шеңберінен тыс қылмыстық құқық бұзушылықтар көптігін де қайталану ретінде белгілеуге болады. Қолданыстағы қылмыстық заң бойынша есепке алынған қылмыстық құқық бұзушылықтың қайталану түріне мыналарды жатқызамыз:

Ұқсас қылмыстық теріс қылықтар жасалғанда орын алатын қылмыстық теріс қылықтардың бірнеше рет жасалуы;

ҚР ҚК Ерекше бөлігінің бір бабында немесе бабының бөлігінде көзделген екі немесе одан да көп іс-әрекетті жасау қылмыстық құқық бұзушылықтың бірнеше рет жасалуы деп танылады және осы кодекстің 12-бабына сәйкес қылмыс және қылмыстық теріс қылық өзара бірнеше рет қылмыстық құқық бұзушылық жасауды құрамайды;

Қылмыстық заңнаманың бір бабында көзделіп, түрлі уақытта жасалған (бірнеше рет жасалған қылмыстық құқық бұзушылыққа жатпайтын жағдайлар) қылмыстық теріс қылық пен қылмыс жасау кезінде туындайтын қылмыстық құқық бұзушылықтың нақты жиынтығы;

Бір баптың түрлі бөлігінде көзделген (жоғарыда көрсетілген үшінші тармақты қоспағанда) біртекті қылмыстық құқық бұзушылықтың нақты жиынтығы;

ҚР ҚК Ерекше бөлігінің түрлі бабымен көзделген әртекті қылмыстық құқық бұзушылықтың нақты жиынтығы;

Қылмыстардың заң жүзіндегі рецидиві, яғни бұрын ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамның ауыр және аса ауыр қылмыстар жасауы.

Қылмыстық заңнамада есепке алынбағанмен, іс жүзінде қылмыстық құқық бұзушылықтың қайталануы түріне төмендегілерді жатқызуға болады:

Адам екі ұқсас қылмыстық құқық бұзушылық жасау фактісінің біреуі үшін сотталған болса немесе қылмыстық жауаптылықтан босатылған жағдайда қылмыстық құқық бұзушылықтың бірнеше рет жасалуы;

Адамның қылмыстық заңнаманың түрлі бабында немесе бір баптың түрлі бөлігінде көзделген екі қылмыстық құқық бұзушылық жасап, солардың бірі үшін адам сотталған болуы немесе қылмыстық жауаптылықтан босатылуы.

Бұл жерде алдыңғы тармақта көрсетілгендей, қылмыстық құқық бұзушылықтың қайталануын құрап тұрған қылмыстың біріне адамның жазасын өтеу кезеңінде, сондай-ақ шартты түрде сотталған жағдайда пробациялық бақылау кезінде қайталап қылмыстық құқық бұзушылық жасауы жатады. Мұндай жағдайлар зерттеушілердің үкімдер жиынтығы сияқты қылмыстық құқық бұзушылықтар көптігі нысаны туралы айтуларына негіз болады.

Есепке алынбаған қылмыстар рецидиві, яғни бұрынғы жасаған қылмысы үшін алынбаған сотталғандығы бар адамның Қазақстан Республикасы ҚК 14-бабында көрсетілген белгілердің болмауы жағдайында жаңа қылмыс жасауы.

Егер 1997 жылғы қылмыстық заңнама редакциясында есепке алынбайтын қылмыстар рецидивіне абайсызда жасалған қылмыстар рецидиві мен кәмелеттік жасқа толмағандар жасаған қылмыстар рецидиві жатқызылса, қазіргі қолданыстағы заңнаманың 14-бабына сәйкес рецидивтің мына түрлері есепке алынбайды: 1) қылмыстар санаты бойынша онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар жасағаны үшін сотталғандығы бар адамның кез келген санаттағы қылмыстық құқық бұзушылықты қасақана қайталап жасауы; 2) ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін соттылығы бар адамның онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыстар жасауы; 3) ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасағаны үшін сотталғандығы бар адам жасаған қылмысы үшін бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға нақты түрде сотталмаған жағдайда жаңа ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасауы.

Қылмыстық заңмен есепке алынбаған қылмыстық құқық бұзушылықтың қайталану түрлері ішінде біз үшін фактілі қылмыс рецидиві жағдайында қайталанудың есепке алын-

баған нысандары айрықша қызығушылық туғызып отыр. Заң шығарушы есепке алмаған қылмыстар рецидивінің біз тоқталып өткен үш нұсқасы да (бұрын заң жүзіндегі рецидив ретінде қарастырылған) қылмыстық құқық бұзушылықтың қайталануының қоғамдық қауіптілігі жоғары нысандары болып табылатындықтан, қазіргі уақытта оларды заң шығарушының есепке алмауын қисынсыз деп санаймыз.

Бұл жағдай қылмыстық құқық бұзушылықтар көптігі нысанын беруде (ұғындыруда) едәуір үйлесімсіздікке әкеліп отыр. ҚР ҚК-нің 54-бабына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтың бірнеше рет жасалуы (қылмыстар рецидивімен және қауіпті рецидивпен қатар) қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлатушы мән-жайға жатады.

Дегенмен, біз осының алдында да айтып кеткендей, қылмыстық құқық бұзушылықтың бірнеше рет жасалуы қылмыстар рецидивімен салыстырғанда қоғамдық қауіптілік дәрежесі бір сатыға төмен әрекет. Себебі бірнеше рет қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға әлі түзету мақсатындағы шаралар қолданылмағандықтан, адамның тұрақты криминалдық бағыты туралы айтуға әлі ерте. Ал есепке алынбаған фактілі рецидив қылмыс жағдайында бұған дейін қылмыс жасағаны үшін жойылмаған сотталғандығы бар адамның қайталап қылмыс жасағаны үшін қылмыстық-құқықтық жазалау шарасын жоғарылатуға заңнамалық негіз жоқ. Біздің пайымдауымыз бойынша, отандық қылмыстық заңнаманы ізгілендіру тенденциясы тиісті деңгейде нақты жүзеге асырылмаған. Сондықтан қайталанудың бұл нысаны қолданыстағы қылмыстық заңнамада көрініс табуы қажет деп санаймыз.

Қазіргі қылмыстық құқық теориясында қылмыстық құқық бұзушылықтың екі нысаны – қылмыстық құқық бұзушылықтың қайталануы мен қылмыстық құқық бұзушылықтың идеалды жиынтығы ғана белгіленеді. Біршама ғалымның пікірі бойынша, көптіктің екі нысанының ғана өзіндік белгілері бар. Яғни, егер қылмыстық құқық бұзушылықтың идеалды жиынтығында қайталану болмай (адамның бір әрекет арқылы екі және одан да көп қылмысты қатар жасауы), ал басқа нысандарда (бірнеше рет жасау, рецидив пен нақты жиынтықта) қайталанудың болуы — негізгі белгі. Қылмыстық құқық бұзушылықтың қайталануы – ұқсас, біртекті және әртекті қылмыстық құқық бұзушылықтан құралған құрылымнан болып, қылмыстық заңнамада өзіндік көрініс табу тәсілі бар тұрақты байланыстар жүйесі болып табылады. Сондықтан қазіргі қолданыстағы заңнаманың 14-бабының қазақ тіліндегі нұсқасында қылмыстар рецидиві тіркесінің қылмыстардың қайталануы деп берілуін [6] қылмыстық құқық бұзушылықтар көптігі нысанын беруде қайшылық тудырып, қылмыстар рецидиві ұғымының бұрмалануына әкелетін қате аударма сөз деп санаймыз. Себебі рецидивпен қатар, қылмыстық құқық бұзушылықты бірнеше рет жасау және қылмыстық құқық бұзушылықтадың нақты жиынтығы да қайталануға жататынын тағы да қайталап айтқымыз келеді. Бұл туралы К. А. Панько: «Кез келген рецидив қылмыстардың қайталануы болғанымен, кез келген қайталанушылық рецидивті құрамайды» [7, 19], — деп нақты анықтама берген болатын. Осы ғылыми тұжырымдардың негізінде ҚР ҚК 14-бабында қолданылатын «қылмыстардың қайталануы» ұғымы «қылмыстар рецидиві», ал қылмыстардың қауіпті қайталануы тіркесі қылмыстардың қауіпті рецидиві деп ауыстырылуы керек деген түйін жасаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Малков В. П. Множественность преступлений и ее формы по советскому уголовному праву. — Казань, 1982. — 180 с.
2. Рождествина А. А. Уголовное право: общая часть. — М., 2009. — 362 с.
3. Кушнир И. В. Уголовное право. — М., 2000. — 385 с.
4. Уголовное право Российской Федерации. / Под. ред. В. С. Комиссарова, Н. Е. Крыловой, И. М. Тяжковой. — М., 2012. — 879 с.
5. Прохоров Л. А., Прохорова М. Л. Уголовное право. — М., 1999. — 480 с.
6. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі. — Алматы, 2016. — 240 б.

7. Панько К. А. Вопросы общей теории рецидива в советском уголовном праве. — Воронеж, 1983. — 200 с.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена проблемам рецидива преступлений. Автор предлагает оставить в ст. 14 УК РК международный термин «рецидив» без перевода, так как его перевод противоречит общему понятию множественности уголовных правонарушений и искажает его суть.

RESUME

This article is devoted to the problems of recidivism. In the article, the author proposes to leave the international term “relapse” in the conceptual apparatus of Article 14 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan in the state language, since its translation contradicts the general concept of plurality of criminal offenses distorting its essence.

ӘОЖ 378

Ф. Е. Бөрібай, әскери және арнайы-тактикалық даярлық кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

ІІО қызметкерлерінің атыс қаруларынан дайындығын жетілдіру

Аннотация. ІІО қызметкерлерінің атыс даярлығы деңгейін жетілдіру мақсатында атыс және оқу топтарының басшылары атыс даярлығы бойынша сабақтарында түрлі атыс жаттығуын және оқытудың заманауи түрлерін пайдаланды, сондай-ақ органдар мен бөліністерде басқа да атыс қаруын пайдалану маңыздылығы, сонымен қатар орындалатын жедел-қызметтік міндеттердің ерекшеліктері, қызметкерлердің даярлық деңгейін, оқу-материалдық базасының болуын және жағдайын, қауіпсіздік шараларын ескерудің қажеттілігін белгілейді.

Атыс даярлығы — ІІО қызметкерлерінің кәсіби шеберлігін шыңдаудың негізгі бөлімі болғандықтан, барлық оқу және тәрбие жүйесі қызметкерлердің келешекте ҚР ІІО-да қызмет етуіне байланысты білімі, дағдысы мен жасай білуі және штаттық қаруларынан әртүрлі жағдайда жауынгерлік тапсырмаларды орындай алуға бағытталған.

Түйін сөздер: атыс, ішкі, дайындық, бағыт, жағдай, жаттығу, қару, материал, басшы, қызметкер.

Атыс қаруы қылмыстың жолын кесуге, сондай-ақ қылмыс жасаған адамдарды ұстауға өте тиімді құрал болып саналады. Сонымен қатар әлемдік деңгейде криминалдық жағдайдың шиеленісуі, әсіресе құқық қорғау органдары қызметкерлеріне қарсы шабуылдар мен қарсыласу санының өсуі, ауыр және аса ауыр қылмыстардың өсуі, сондай-ақ ұстау барысында олардың құқық қорғау органдарының қызметіне қарсылық көрсетуімен қарулы шабуыл жасау санының артуынан атыс қаруын қолдану көрсеткіштерінің өсуіне тікелей ықпалын тигізеді.

Атыс даярлығы пәнінің барлық тәжірибелік сабағында қызметкерлер қарудың материалдық бөліктерін, атыс қаруын қолданудың құқықтық негіздерін, қауіпсіздік шараларын, жаттығу шарттары мен орындау тәртібін оқып-білу және нормативтер мен қаруды пайдаланып жасайтын іс-әрекетті (тәсілдерді) жаттығып машықтануы тиіс. Тәжірибелік оқытудың негізгі әдістеріне жаттығып машықтану — бұл оқытудың күрделі түрі, яғни білім алушылардың дағдыларын қалыптастыру және оларды үздіксіз жетілдіру мақсатында үнемі күрделеніп отыратын тәсілдерді саналы түрде бірнеше рет қайталауды қарастырады.

Атыс даярлығының міндеті — қызметкерлерге кез келген күрделі жағдайда, күндіз де түнде де болсын, нысаналарды жою үшін табельдік қаруларын қолдана алуға, атыс қаруларының материалдық бөліктері және атыс қаруларынан ату әдістері мен тәртіптері негіздерін білуге үйрету.

Бүгінгі таңда еліміздің кейбір аймағында болып жатқан оқиғалар мен қылмыс санының өсуі салдарына байланысты атыс даярлығының маңызды қажеттілігі туындап отыр. Себебі

ПО қызметкерлерінің атыс қаруын, дене күші мен арнайы құралдарды қолдану факторлары көптеп кездесуде. Сондықтан ПО қызметкерлеріне атыс даярлығынан талап етілетін негізгі міндет — олардың қаруды пайдаланып қолданудың тиімді бағытына дағдыланып шыңдалуын қалыптастыру болып табылады, дегенмен ПО кейбір қызметкер табельдік қаруларын білікті, кәсіби түрде қолдана алмағандықтан, азаматтардың өмірі мен денсаулықтарына қауіп төндіреді.

Мұның негізгі себептері:

- қауіпсіздік шараларының талаптарын сақтамайтындығы;
- қарудың материалдық бөліктерінен білімінің таяздығы;
- қарумен әрекет етуде шыңдалған дағдыларының болмауы, әсіресе қаруды оқсыздандыру мен тактикалық іс-қимыл жасағанда.

Жалпы, қызметкер мыналарды білуі керек:

- атыс даярлық жүйесін және оның ПО-ның кәсіби қызмет құрылымындағы алатын орнын;

- ҚР ПО қызметкерлерінің атыс даярлығын ұйымдастыру жөніндегі тәлімдеменің негізгі ережелерін;

- атыс қаруларының заң тұрғысында жіктелуін;

- ПО қызметкерлерінің атыс қаруын қолдану және пайдаланудың құқықтық негіздерін;

- атыс қаруын қолдану кезіндегі қауіпсіздік шараларын;

- ПО қару-жарақ тізіміндегі қарулар мен оқ-дәрілер сипатын, ұрыстық қасиеттерін, құрылысын, қолдану, сақтау, күтім жасау ережесін;

- Макаров тапаншасы мен Калашников автоматын қалыпты атуға келтіру тәртібін;

- тапанша мен автоматтан ҚР ПО қызметкерлерінің атыс даярлығын ұйымдастыру жөніндегі тәлімдемеге сәйкес жаттығуды атып орындау шарттарын;

- жедел-қызметтік жұмыс процесінде ПО қызметкерлерінің жеке және топпен әрекет ету тактикаларын;

- ПО бөліністерінде атыс даярлығын ұйымдастыру және жүргізу әдістерінің негізін;

- Макаров тапаншасы мен Калашников автоматынан ату кезінде кідірістерді қалыпқа келтіруді;

- Макаров тапаншасы мен Калашников автоматын толық емес (жартылай) бөлшектеуді және толық емес бөлшектеуден кейін жинап орындауды;

- ату кезінде берілетін пәрмен бойынша қарумен тәсілді және әрекетті орындау;

- қару мен оқ-дәрілерді қарап-тексеруді орындау;

- тәжірибелік ату нәтижелерін өздері сараптауды жүзеге асыруы (өз жұмыстарының нәтижелерін арттыру үшін қателіктерін тауып, уақытында түзету) керек;

- берілетін пәрмендер бойынша қарумен әрекет етуді;

- тапаншадан және автоматтан атыс жүргізуді;

- шектеулі уақытта тапаншадан және автоматтан көздеп атуды;

- әртүрлі қалыпта тұрып ату бағытын қапталдарға ауыстыра, жүгіре қозғалудан кейін, ату үшін әртүрлі атысқа даярлану мен қалыпты пайдаланып, тапаншадан жылдам атуды;

- атыс даярлығы бойынша нормативтерді орындауды;

- өзінің қауіпсіздігін қорғауды, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті, болашақта қызмет бабында кездесетін жағдайлар негізінде атыс қаруын пайдаланып, құқыққа қарсы жайттардың жолын кесуді жүзеге асыруды меңгеруі керек;

- ішкі және сыртқы баллистика негіздерін;

- ПО қару-жарақ тізімінде тұрған және заманауи қол атыс қаруларының арналуын, ұрыстық қасиетін, құрылымын, түрлерін, қолдану ережелерін, күтім жасау мен сақтауды білуі тиіс.

Сондықтан ПО қызметкерлерінің атыс даярлығына талап етілетін негізгі міндет — олардың сенімді, дағдыланған жылдам қауіпсіздікті сақтап атыс қаруын қолдана алатын қызметкерлерді қалыптастыру. ПО бөліністерінде атыстың бастапқы, оқу және бақылау жаттығулары орындалады. Атыстың бастапқы, оқу және бақылау жаттығуларын орындау күндізгі және түнгі уақыттағы сабақ кестесіне сәйкес тирлерде немесе оқу орталықтарының аумағында

(атыс алаңында, полигонда) өткізілуі тиіс. Атыс жаттығуларын өткізу кезінде мазмұнын атыс басшысы анықтайтын оқу орындарында сабақтар (жаттығулар) ұйымдастырылады. Атыстарды тирлерде және оқу орталықтарының аумағында (атыс алаңында, полигонда) өткізу ай сайын, тоқсан сайын немесе ПО-ның уәкілетті басшысы немесе оны алмастыратын адам бекіткен кесте бойынша ұйымдастырылады (бір рет өткізілетіндерді қоспағанда). Атыстарды өткізу кезінде медициналық қызметкерлердің болуы міндеттеледі. Атыс даярлығы бойынша атыстар мен сабақтардың басшылары арнайы даярлық бөліністерінің қызметкерлері, ал олар болмаған жағдайда атыс даярлығы бойынша сабақ өткізудің әдістемелерін меңгерген және ПО-ның қарулануында тұратын қарулардың түрлі атысын үйрету дағдысын білетін қызметкерлер тағайындалуы тиіс [1].

Оқу орындарында (тирде) атыс басшылары атушылардың белгіленген тәртіпті, сондай-ақ орындалатын жаттығулар шарттарының қауіпсіздік шараларының талаптарын қатаң сақтауына жауап береді.

Оқу орындарында (тирде) атыс басшылары:

- 1) атыс жаттығуларын орындау кезінде атысты тоқтату сигналын бөліністің жеке құрамының барлығына жеткізуге;
- 2) орындалатын жаттығудың шарттарымен және аға атыс басшыларының байланысы бар болуына тиісті нысаналық жағдайды тексеруге;
- 3) атысты бақылауды ұйымдастыруға;
- 4) атыстың аға басшысына атысқа даярлығы, атушылар саны туралы баяндау және басқару пунктінде сигнал қоюға;
- 5) орнында атуды басқаруға;
- 6) қауіпсіздік шараларының талаптарын бұзғанда дереу атуды тоқтатуға және аға атыс басшысына баяндауға;
- 7) аға атыс басшысына атыстың аяқталғаны туралы баяндауға;
- 8) аға атыс басшысына атыстың нәтижелері туралы баяндауға;
- 9) үйренушілермен атысты талдау жүргізу және әрбір атушыға бағасын жариялауға міндетті.

ПО қызметкерлері атыс жаттығуларын орындау кезінде міндетті түрде көру органдарын қорғауды қамтамасыз етеді (арнайы атқыш, тактикалық көзілдірік немесе баллистикалық қорғаныс шлемі). Қызметкерлерді атуға психологиялық дағдыландыру үшін өткізілетін шынайы жағдайға жақындатылған сабақтарды қоспағанда (металл нысаналармен жұмыс істемегенде), есіту органдарын қорғауды қамтамасыз етуге рұқсат беріледі (құлаққап). Қарумен лауазымдық міндеттерді орындайтын қызметкерлер жедел-қызметтік міндеттердің ерекшеліктерін есепке ала отырып, жеке броньді қорғаныс құралдарын қолданып (броньді жилет, арнайы шлем және т. б.), атыс жаттығуларын тұрақты орындауы тиіс. Жаттығуды орындау кезінде жүйелілік (қысқа уақытта оны меңгеру үшін нақты жаттығуда тоқтата отырып, нақты реттілікте, атыс жүргізу техникасы элементтерін кезең-кезеңімен, оқумен жаттығуларды меңгеруді көздейді). Жаттығуларды зерделеу кезінде үйренушілердің тобын олардың дайындық дәрежесі бойынша кіші топқа бөлу мақсатқа сай келеді. Бұл ретте, үйренушілерге сараланған тәсіл қағидаттарын басшылыққа алған жөн. Артта қалып қойғандарды жеке топқа жинау, дайындық және оқу жаттығуларын орындау барысында оларда дұрыс дағды қалыптастыруды мұқият бақылаған жөн [2].

ПО қызметкерлері өзіне берілген қару мен оқ-дәрілердің сақталуына және жай-күйіне жауапты, осыған байланысты қаруды және оқ-дәрілерді пайдаланғанда белгіленген қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауға және оны күтіп ұстауға міндетті. Нарядтардың қызметке шығар алдында нұсқау өткізетін адамдар табельдік қаруды және оқ-дәрілерді қолдану кезіндегі қауіпсіздік шараларды сақтау жөніндегі талаптарды түсіндіреді, сондай-ақ ПО қызметкерлерінің қаруды қолданудың құқықтық негіздері мен оның материалдық-техникалық бөлімі бойынша білімдерін тексеру, бекітілген қаруды алған және тапсырған кезде аталған қаруды кезекшінің немесе оның орнын алмастыратын адамның көзінше арнайы жабдықталған үйжайда оқталмағанын тексереді.

Қызмет өткеру үшін қару алған кезде оқжатарды жауынгерлік патрондармен жарақтайды, бір оқжатарды тапанша сабының негізіне салады (автоматқа жалғайды), ал екіншісі тиісті кіші сөмкеге салынады. Қарудың сақтандырғышы қосулы жағдайда тұрады. Қызмет өткеру кезінде ерекше қажеттіліксіз қаруды тапанша қаптан алуға, оны қаруды сақтау қарастырылмаған орындарға қоюға (қызметтік сейфтер, сөрелер және т. б.), сондай-ақ басқа адамдардан беріп жіберуге тыйым салынады. Тапаншалар қызмет өткеру уақытында, сондай-ақ атыстарды өткізу орнына бару және кері қайтуы кезінде белге баумен бекітіледі. Қару Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда қолдану үшін жауынгерлік даярлыққа келтіріледі. ПО қызметкерлері қаруды қажетті қорғану туралы заңға сәйкес қолдануы тиіс. Мұндай жағдайда қару озбырлықты қайтару құралы ретінде пайдаланылады, сондықтан атыс қаруын қолдану нәтижесінде келтірілген залал қажетті қорғану жағдайының заңдылығына сай келуі тиіс [3].

ҚР ПМ қызметкерлерінің атыс даярлығы мәселелерін тиянақты орындауы:

- қызметкерлер қарудың материалдық жағының толық негізін білуімен;
- кәсіби маманның жоғары әдістемелік дайындығының және қаруларының дұрыс болуымен;
- материалдық қордың күшті әрі жеткілікті болуымен және жеке құрамның жоғары деңгейдегі тәртіптілігіне байланысты деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нысанқұлов І. Б. Атыс даярлығы. Оқу құралы. — Қарағанды, 2012. 3–18-б.
2. <http://www.zakon-grif.ru/swat/prefire/view/3-20.htm>
3. <https://cyberleninka.ru/article/n/individualnaya-takticheskaya-podgotovka-v-strelbe-iz-pistoleta>

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются учебно-методические вопросы совершенствования обучения курсантов огневой подготовке.

RESUME

In the given article are considered educational and methodological questions of improving the fire training in the training of cadets.

УДК 343.5

Еспергенова Е. В., научный сотрудник центра по проблемам исследования и мониторинга законодательства, регламентирующего деятельность ОВД, НИИ, магистр права, майор полиции

(Карагандинская академия МВД РК им. Б. Бейсенова, г. Караганда, Республика Казахстан)

Уголовное законодательство стран ближнего зарубежья в вопросах противодействия изнасилованию

Аннотация. Статья посвящена изучению зарубежного опыта в вопросах противодействия такому уголовному правонарушению, как изнасилование. В рамках статьи автор проводит сравнительный анализ законодательства стран ближнего зарубежья (Российская Федерация, Украина, Республика Беларусь, Кыргызская Республика, Туркменистан, Грузия) в вопросах ответственности за указанное деяние. Данная работа может иметь актуальное значение для формирования четкого представления о существующих подходах к пониманию сущности и природы проблем, связанных с регламентацией ответственности за изнасилование в Республике Казахстан, и способствовать выработке предложений по совершенствованию.

ванию действующего законодательства, регламентирующего вопросы ответственности за изнасилование.

Ключевые слова: зарубежный опыт, отечественное законодательство, государства, правоохранительные органы, изнасилование, половые преступления, ответственность, потерпевшая, диспозиция статьи, квалифицирующие признаки.

В условиях всемирной экономической, политической и культурной интеграции современного общества актуальным является изучение законодательного опыта зарубежных стран (в том числе уголовно-правового), что в первую очередь необходимо для совершенствования отечественного законодательства.

В этой связи известный французский юрист Марк Ансель писал, что изучение зарубежного права «открывает перед юристом новые горизонты, позволяет ему лучше узнать право своей страны, ибо специфические черты этого права особенно отчетливо выявляются в сравнении другими системами. Сравнение способно вооружить юриста идеями и аргументами, которые нельзя получить даже при очень хорошем знании только собственного права» [1, 38]. В этой связи, обращение к законодательному опыту регламентации ответственности за изнасилование, накопленному зарубежными государствами, интересно, на наш взгляд, как с научной, так и с практической точки зрения.

Изучение зарубежного опыта в вопросах регламентации ответственности за изнасилование имеет актуальное значение для формирования четкого представления о существующих подходах к пониманию сущности и природы проблем, связанных с уголовно-правовым регулированием изнасилования в Республике Казахстан, и способствует выработке предложений по совершенствованию действующего законодательства, регламентирующего вопросы ответственности за это деяние. А. А. Малиновский отмечает: «Сравнительное исследование дает возможность выявить и учесть чужие ошибки и достижения при решении вопросов о преступности и наказуемости конкретных деяний, помогает понять роль и значение уголовного права как инструмента социального регулирования» [2, 367].

Проведенное нами исследование позволило сделать следующие выводы и предложения.

1. Анализ диспозиций статей, предусматривающих ответственность за изнасилование, свидетельствует о том, что в уголовном законодательстве большинства стран ближнего зарубежья (УК России [3], УК Туркменистана [4], УК Грузии [5]) под изнасилованием понимается половое сношение с применением насилия или с угрозой его применения к потерпевшей либо с использованием ее беспомощного состояния. Исключением являются УК Республики Беларусь и Кыргызской Республики, где при определении понятия изнасилования указывается на такой признак, как «вопреки воле потерпевшей» [6, 7]. Кроме того, в УК Республики Беларусь в диспозиции статьи содержится такая формулировка, как «с угрозой применения насилия к женщине или ее близким» [7].

Таким образом, понятие изнасилования по УК РБ и УК КР в некоторой степени отличается от данного понятия, закрепленного в УК РК. В статье 120 УК РК [8] такой признак, как «совершение деяния против воли потерпевшей» не выделяется. Разъяснение данного вопроса дается в Нормативном постановлении Верховного Суда РК «О некоторых вопросах квалификации преступлений, связанных с изнасилованием и иными насильственными действиями сексуального характера» от 11 мая 2007 г. № 4 [9], где указано, что под изнасилованием следует понимать половое сношение в естественной форме с лицом женского пола против или помимо его воли. Однако хотелось бы отметить, что с точки зрения юридической техники и стремления к созданию оптимально идеальной нормы, данные моменты, на наш взгляд, приоритетнее закрепить в самом законе.

Дополнительным аргументом в пользу высказанной позиции является п. 2.8 Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 г., в котором указано, что закон должен соответствовать требованиям юридической точности и предсказуемости последствий, т. е. нормы должны быть сформулированы с достаточной степенью четкости и основаны на понятных критериях, позволяющих со всей определенностью отличать правомер-

ное поведение от противоправного, исключая возможность произвольной интерпретации положений закона [10].

Таким образом, во избежание проблем в правоприменительной практике, а также в целях реализации положений Концепции правовой политики на период с 2010 до 2020 г. считаем целесообразным дополнить диспозицию ч. 1 ст. 120 УК РК данным признаком.

Следует отметить, что в результате проведенного нами опроса 70 % респондентов — сотрудников правоохранительных органов на вопрос: «Считаете ли вы целесообразным в диспозиции ч. 1 ст. 120 УК РК «Изнасилование» сделать прямое указание на совершение деяния против воли потерпевшей?» ответили утвердительно.

В отличие от УК РК в диспозиции ст. 166 УК Республики Беларусь «Изнасилование» [11] предусмотрена такая формулировка, как «с угрозой применения насилия к женщине или ее близким», УК РК в свою очередь указывает на угрозу применения насилия к потерпевшей или к другим лицам. При этом в Нормативном постановлении Верховного суда РК от 11 мая 2007 г. «О некоторых вопросах квалификации преступлений, связанных с изнасилованием и иными насильственными действиями сексуального характера» содержатся следующие разъяснения «...под угрозой при изнасиловании либо при иных насильственных действиях сексуального характера следует понимать запугивание потерпевших с целью пресечь их сопротивление такими действиями или высказываниями, в которых выражается реальное намерение виновного применить физическое насилие к самим потерпевшим или их близким». Следовательно, согласно диспозиции УК РК под другими лицами следует понимать близких лиц. Как было указано выше, с целью создания оптимально идеальной нормы, во избежание проблем в правоприменительной практике, а также в целях реализации положений Концепции правовой политики на период с 2010 до 2020 г. полагаем целесообразным слова «к другим лицам» заменить на «к её близким лицам». Это предложение поддержали 63 % опрошенных респондентов.

Кроме того, необходимо отметить, что в большинстве стран постсоветского пространства (Беларусь, Грузия Кыргызская Республика, Россия, Туркменистан) потерпевшим по анализируемому составу преступления является лицо женского пола, субъектом, в свою очередь, — лицо мужского пола. Исключением является Украина: согласно диспозиции статьи, предусматривающей ответственность за изнасилование в УК Украины, потерпевшими могут быть признаны лица как женского, так и мужского пола, субъектом рассматриваемого преступления являются лица как мужского, так и женского пола, достигшие четырнадцатилетнего возраста.

Законодателю РК в данном вопросе, на наш взгляд, следует сохранить свои позиции, т. е. субъектом преступления должно являться лицо мужского пола, потерпевшей — лицо женского пола. В пользу высказанной позиции выступает тот факт, что в уголовном законодательстве РК имеется норма, предусматривающая ответственность за насильственные действия сексуального характера (ст. 121 УК РК), которая позволяет правильно квалифицировать деяния такого рода, где субъектом половых посягательств является женщина либо потерпевшим является мужчина.

2. Анализ санкций рассматриваемой статьи показал, что минимальная планка лишения свободы в большинстве стран ближнего зарубежья (Беларусь, Россия, Украина, Туркменистан) составляет три года лишения свободы, максимальная — десять лет (Туркменистан). При этом в качестве альтернативы лишению свободы в отдельных странах предусмотрено ограничение свободы (Беларусь). Однако альтернативные санкции являются нетипичными для составов изнасилования. Как правило, санкции за изнасилование предусматривают только один вид наказания — лишение свободы, что, на наш взгляд, соответствует принципу справедливости уголовного законодательства, поскольку по объему наказания именно лишение свободы способно исправительно воздействовать на осужденного и служить предупреждением совершения новых преступлений.

3. В большинстве стран постсоветского пространства (Беларуси, Грузии, Кыргызстане, России, Туркменистане) простое изнасилование, предусмотренное частями первыми соответ-

ствующих статей, является преступлением, относящимся к категории тяжких, освобождение от уголовной ответственности в связи с примирением с потерпевшим невозможно. Исключение составляет законодательство Украины, согласно которому изнасилование относится к категории преступлений средней тяжести. Однако освобождению от уголовной ответственности в связи с примирением лицо также не подлежит.

Вопрос о возможности перевода деяния, предусмотренного ч. 1 ст. 120 УК РК, из категории средней тяжести в категорию тяжких требует дальнейшей тщательной научной проработки механизмов исключения ложных доносов, совершенствования правил судебно-медицинской экспертизы и решения сопутствующих данному вопросу проблем.

4. Сравнительный анализ квалифицирующих и особо квалифицирующих признаков изнасилования свидетельствует о том, что в УК РК они в основном аналогичны признакам, предусмотренным в рассматриваемой статье УК стран ближнего зарубежья. Исключение составляет УК Грузии, в котором в качестве квалифицирующих признаков предусмотрены такие, как: совершение деяния в отношении женщины, заведомо для виновного находящейся в состоянии беременности, и изнасилование с использованием служебного положения. Кроме того, большинство стран постсоветского пространства (Беларусь, Грузия, Кыргызская Республика, Украина) содержат такой квалифицирующий признак, как изнасилование, совершенное повторно или лицом, ранее совершившим преступление против половой свободы.

Таким образом, проведенный анализ уголовного законодательства стран ближнего зарубежья (Беларусь, Грузия, Кыргызская Республика, Российская Федерация, Туркменистан, Украина) свидетельствует о неоднозначности законодательных подходов к регламентации ответственности за изнасилование, несмотря на то, что правовые системы стран постсоветского пространства, так или иначе, взаимодействовали между собой.

Список использованной литературы:

1. Ансель М. Методологические проблемы сравнительного права // Очерки сравнительного права. — М., 1991.
2. Малиновский А. А. Сравнительное правоведение в сфере уголовного права. — М., 2002.
3. Уголовный кодекс Российской Федерации от 13 июня 1996 г. № 63-ФЗ (с изм. и доп. по сост. на 27.12.2018 г.) Электронный ресурс [Режим доступа]: URL <https://online.zakon.kz/document/>
4. Уголовный кодекс Туркменистана от 12 июня 1997 года № 222-I (с изменениями и дополнениями по состоянию на 09.06.2018 г.) Электронный ресурс [Режим доступа]: URL <https://online.zakon.kz/document/>
5. Уголовный кодекс Грузии от 22 июля 1999 года Электронный ресурс [Режим доступа]: URL <https://matsne.gov.ge/ka/document/download/>
6. Уголовный кодекс Республики Беларусь от 9 июля 1999 года № 275-3 (с изменениями и дополнениями по состоянию на 17.07.2018 г.) Электронный ресурс [Режим доступа]: URL <https://online.zakon.kz/document/>
7. Уголовный кодекс Кыргызской Республики от 24 января 2017 года Электронный ресурс [Режим доступа]: URL <https://online.zakon.kz/document/>
8. Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года № 226-V ЗПК // Электронный ресурс [Режим доступа]: URL https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31575252
9. О некоторых вопросах квалификации преступлений, связанных с изнасилованием и иными насильственными действиями сексуального характера: Нормативное постановление Верховного суда Республики Казахстан от 11 мая 2007 года № 4. // Электронный ресурс [Режим доступа]: URL http://adilet.zan.kz/rus/docs/P07000004S_
10. Концепция правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года, утвержденная. Указом Президента от 24 августа 2009 года № 858 // Казахстанская правда. 2009. 27 авг.

11. Уголовный кодекс Украины от 5 апреля 2001 года № 2341-III (с изменениями и дополнениями по состоянию на 06.09.2018 г.) Электронный ресурс [Режим доступа]: URL <https://online.zakon.kz/document/>

ТҮЙІН

Мақалада зорлау үшін жауаптылықты көздейтін қылмыстық құқық бұзушылыққа қарсы әрекет ету мәселелерінде шетелдік тәжірибені зерделеуге арналған. Автор мақала аясында зорлау үшін жауаптылық мәселелерінде жақын шетел (Ресей Федерациясы, Украина, Беларусь Республикасы, Қырғыз Республикасы, Түркменстан, Грузия) заңнамаларына салыстырмалы талдау жасаған. Қазақстан Республикасында зорлау үшін жауаптылықты реттеумен байланысты проблемалардың мәні мен табиғатын түсінуге тиісті тәсілдер туралы нақты түсінік жасау үшін маңызы зор және зорлау үшін жауаптылық мәселелерін реттейтін қолданыстағы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындауға ықпал етеді.

RESUME

The article is devoted to the study of foreign experience in matters of combating criminal offenses involving responsibility for rape.

As part of the article, the author conducts a comparative analysis of the legislation of the countries of the near abroad (Russian Federation, Ukraine, Republic of Belarus, the Kyrgyz Republic, Turkmenistan, Georgia) in matters of responsibility for rape.

This work is relevant to form a clear understanding of the existing approaches to understanding the nature and nature of the problems associated with the regulation of liability for rape in the Republic of Kazakhstan, and contributes to the development of proposals to improve the current legislation regulating liability for rape.

УДК 342.9

Жаров Ж. К., доцент кафедры административного права и административной деятельности ОВД, полковник полиции
(Карагандинская академия МВД РК им. Б. Бейсенова, г. Караганда, Республика Казахстан)

Роль навыков оценки криминогенной обстановки

Аннотация. Современное развитие политической, социально-экономической, демографической и других сфер жизнедеятельности общества, объем, задач, решаемых системой Министерства внутренних дел (далее — МВД), требуют значительного возрастания роли адаптационных возможностей аппаратов управления, позволяющих вырабатывать с учетом складывающейся обстановки новые формы и методы руководства подчиненными органами. Реализация этих возможностей предполагает наличие высокоэффективной системы анализа и оценки криминогенной обстановки. В статье рассматриваются вопросы обучения курсантов и магистрантов Академии МВД Республики Казахстан навыкам анализа криминогенной обстановки и методам предупредительно-профилактической деятельности в целях выработки управленческих решений в сфере правоохранительной деятельности на подведомственной территории, а также соответствия предлагаемых решений требованиям государственного общеобязательного стандарта образования, утвержденного приказом Министерства образования и науки «Об утверждении государственных общеобязательных стандартов образования соответствующих уровней образования» от 31 октября августа 2018 года № 604.

Ключевые слова: анализ криминогенной обстановки, управленческая деятельность, практические занятия, прогнозирование, обслуживаемая территория, динамика преступности, профилактическая деятельность, маневрирование силами.

Составной частью управленческой деятельности органов внутренних дел является изучение и анализ криминогенной обстановки. Трудно представить какую-либо организационную или тактическую проблему, возникшую в органах внутренних дел, которая решалась бы без предварительного изучения и оценки оперативной обстановки. Знание оперативной обстановки, умение прогнозировать возможное развитие событий, правильное маневрирование силами и средствами органов внутренних дел сегодня может быть решающим фактором стабильности и правопорядка на обслуживаемых административных территориях [1].

В статье рассматриваются вопросы обучения курсантов и магистрантов Академии МВД РК навыкам анализа криминогенной обстановки на обслуживаемой территории и организации повседневной деятельности в следственных и оперативных подразделениях ОВД.

В соответствии с требованиями общеобразовательного стандарта высшего образования, предъявляемым к содержанию образования обучающихся, курсантам Академии МВД Республики Казахстан необходимо:

- при проведении практических занятий привить умение ориентироваться в современных информационных потоках и адаптироваться к динамично меняющимся явлениям и процессам;
- быть гибким и мобильным в различных условиях и ситуациях, связанных с профессиональной деятельностью;
- владеть навыками принятия решений организационного характера в различных условиях [2].

Обучение курсантов следует начать с ежедневного планирования работы, как это практикуется в подразделениях органов внутренних дел. Особое внимание необходимо уделять правильной организации своей практической деятельности, одним из важнейших аспектов которой является оценка криминогенной обстановки на обслуживаемой территории, которая невозможна без изучения оперативной сводки по району, области и, при наличии, обобщенной информации по республике.

Кроме того, будущему практическому сотруднику ОВД необходимо привить навыки анализа происшествий, совершенных преступлений и правонарушений, умение определить однотипные среди них, динамику преступности (за текущие сутки, неделю, месяц), наиболее пораженные районы города (области). При изучении ориентировок по поступившей информации о преступлениях и происшествиях на обслуживаемой территории он, в соответствии со знаниями, полученными на практических занятиях, должен уметь систематизировать большой объем информации, содержащей приметы преступников, похищенного имущества, данные об угнанном и похищенном автотранспорте, о разыскиваемых органами внутренних дел уголовных преступниках, подозреваемых лицах, лицах, без вести пропавших, и другую информацию. На практических занятиях необходимо использовать конкретные практические примеры и обобщенную информацию, к их проведению привлекать практических работников полиции. Вышеизложенное — один из первых элементов запланированных ежедневных мероприятий в практической деятельности сотрудников ОВД, занимающихся раскрытием, пресечением и профилактикой преступлений. Дальнейшее обучение методам планирования деятельности подразделений ОВД и отдельных сотрудников осуществляется по принципу от общего к частному, и важнейшим фактором являются изменения в оперативной обстановке на обслуживаемой территории [3].

Подводя итог, еще раз подчеркнем необходимость увеличения практической направленности обучения курсантов академий МВД Республики Казахстан, подготовку их к работе в динамично меняющихся условиях функционирования ОВД и участие практических работников в проведении занятий.

В соответствии с приказом Министерства образования и науки Республики Казахстан «Об утверждении государственного общеобязательного стандарта образования соответствующих уровней образования» от 31 октября 2018 г. № 604 к содержанию послевузовского образования предъявляются определенные требования. Одним из наиболее значимых требований к содержанию послевузовского образования в академиях МВД РК является подготовка

высококвалифицированных кадров с высокими морально-нравственными качествами, способных к самостоятельному мышлению, управлению и обеспечению обороны и национальной безопасности страны, осуществлению правоохранительной деятельности.

Базовыми ценностями содержания послевузовского образования являются: умение применять научные методы познания в профессиональной деятельности, интегрировать знания, полученные в рамках разных дисциплин, использовать их для решения аналитических и управленческих задач в новых незнакомых условиях. Кроме того, магистрант должен иметь навыки решения стандартных научных и профессиональных задач, быть компетентным в области методологии исследований по специальности, креативно мыслить и творчески подходить к решению новых проблем и ситуаций.

Рассмотрим особенности практического обучения магистрантов профильной и научно-педагогической магистратуры Института послевузовского образования Академии МВД РК вопросам организации криминологического прогнозирования преступности и нарушений общественного порядка.

Организация криминологического прогнозирования преступности предусматривает:

- а) сбор необходимой ведомственной и иной информации (статистические, демографические, экономические и иные данные);
- б) определение сроков разработки прогноза;
- в) установление форм взаимодействия между субъектами, осуществляющими прогнозирование.

Основным и наиболее достоверным источником о динамике, тенденциях и структуре преступности является государственная статистическая отчетность. Кроме того, разнообразные повседневные данные о характере преступлений и иных правонарушений, времени, месте и способах их совершения, лицах, их совершивших, отражаются в различных картотеках, журналах и разнообразных разовых документах — письмах (информациях) медицинских учреждений, сводках и др.

Таким образом, основное назначение (цель) познания криминогенной обстановки — ясное понимание тенденций в развитии преступности, выявление причин и условий совершения противоправных деяний, а также своевременное определение основных проблем организации деятельности органов и подразделений внутренних дел на приоритетных направлениях обеспечения правопорядка, грамотное сочетание форм и методов предупредительно-профилактической деятельности в целях выработки управленческих решений в сфере правоохранительной деятельности.

Список использованной литературы:

1. Приказ Министра внутренних дел Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации деятельности Центров оперативного управления и дежурных частей ОВД РК» от 17 июля 2014 г. № 439// <https://online.zakon.kz/>.
2. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан «Об утверждении государственных общеобязательных стандартов образования соответствующих уровней образования» от 31 октября августа 2018 г. № 604. // <https://online.zakon.kz/>
3. «Об органах внутренних дел Республики Казахстан» Закон Республики Казахстан от 23 апреля 2014 г. № 199-V ЗРК// <https://online.zakon.kz/>.

Түйін

Мақалада Қазақстан Республикасы ІІМ Академиясының курсанттары мен магистранттарының қызмет атқаратын аумақта криминогендік ахуалды талдау және ПО тергеу және жедел бөлімдеріндегі өзінің күнделікті қызметін ұйымдастыруды оқыту тақырыбы қозғалады.

RESUME

In the given article the author investigates the topic of training cadets and undergraduates of the Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan in the skills of analyzing the crime situation in the service area and organizing their daily activities in the investigative and operational units of the Organs of Internal Affairs.

УДК 343.131

Кадацкий С. Н., доцент кафедры уголовного процесса, кандидат юридических наук, подполковник полиции
(Карагандинская академия МВД РК им. Б. Бейсенова, г. Караганда, Республика Казахстан)

Процессуальный порядок расследования уголовных дел в отношении лиц, заболевших психическим расстройством после совершения преступления

Аннотация. В уголовном судопроизводстве РК задачи одного из основных институтов специального производства — в отношении невменяемых — представляют особую актуальность при решении задач о привлечении либо освобождении лиц, страдающих душевными расстройствами и совершивших общественно опасные деяния, от уголовной ответственности и применении к ним принудительных мер медицинского типа. Поскольку судопроизводство по делам о невменяемых и лицах, заболевших психическим расстройством после совершения преступления, имеет особенности, оказывается недостаточным быстро раскрыть и расследовать общественно опасное деяние, выявить лиц, его совершивших. Для успешного расследования дел данной категории необходимо найти подход к лицу, страдающему психическим расстройством, наладить с ним психологический контакт.

Ключевые слова: уголовно-процессуальное законодательство, предварительное следствие, применение принудительных мер медицинского характера, психическое заболевание, сторона обвинения, сторона защиты, законность, охрана прав.

Уголовно-процессуальное законодательство регламентирует порядок досудебного расследования преступлений, определяет общие условия производства предварительного следствия, без соблюдения которых не могут быть успешно выполнены задачи уголовного процесса, указанные в ст. 8 УПК РК [1].

Соблюдение общих условий производства по уголовным делам создает предпосылки для полноты, всесторонности и объективности предварительного следствия, способствует реализации прав и законных интересов участников уголовного процесса.

Общие условия предварительного следствия, по мнению В. И. Никандрова [2, 3], — это совокупность, закрепленных в нормах права требований, которыми в целях успешного осуществления роли данной стадии в реализации задач уголовного судопроизводства устанавливаются характерные для нее в целом особенности и гарантии реализации принципов и общих положений уголовного процесса.

На законодательном уровне общие условия — это система обязательных для исполнения процессуальных норм, которые устанавливают задачи судопроизводства, принципы и общие положения уголовного процесса, общие условия его самостоятельных стадий, подследственность, особенности производства по некоторым категориям уголовных дел, а также правовое положение субъектов уголовно-процессуальных отношений, правила проведения следственных действий и другие условия, обеспечивающие законность, демократизм и эффективность предварительного расследования [3, 10-11; 4, 69].

Применительно к невменяемым, в законе говорится не о преступлении, а об общественно опасном деянии, предусмотренном уголовным законом. По своему внешнему проявлению, характеру и степени общественной опасности общественно опасные деяния невменяемых

В законопроекте предусматривались новшества и по уголовным проступкам — бывшим административным правонарушениям. Предлагалось оформлять протокол на месте и сразу передать его в суд. Прокурор в суде даст свое заключение. Но преступления небольшой тяжести направляются в суд только через прокурора.

Внесены поправки и в Закон «Об оперативно-розыскной деятельности» [4]. Сейчас перечень специальных оперативных мероприятий существенно ограничился. Остались только тяжкие, особо тяжкие преступления и ряд дел средней тяжести.

Большое значение в законе придается цифровизации уголовного процесса. В соответствии с государственной программой «Цифровой Казахстан» [5] в стране полным ходом проводится цифровизация. Коснулась она и правоохранительного блока. В частности, по инициативе Генеральной Прокуратуры реализован проект «Электронное уголовное дело». Инновационное решение позволяет перевести уголовный процесс с бумажного на электронный формат. Эксперты полагают, что цифровизация уголовного процесса позволит преодолеть бюрократию, так как необходимые справки и согласования можно будет получить электронно, не выходя из кабинета, а также исключит факты утери и фальсификации материалов. «Самое главное — цифровизация усилит защиту прав человека. Весь процесс будет как на ладони. Возрастет прокурорский контроль. Уменьшится коррупция. IT-система намного облегчит работу и следователя, и прокурора, и судьи» [6].

Еще одно существенное новшество — расширение прав адвокатов. Разработчики полагают, что расширение судебного контроля на этапе досудебного производства является залогом процессуальных гарантий прав и свобод личности в уголовном процессе и повышения принципа состязательности. Повышение состязательности процесса — одно из основных направлений законопроекта. Состязательный тип процесса характеризуется наличием двух противоположных сторон — обвинения и защиты, процессуальным равноправием сторон и наличием независимого от сторон суда [7]. Судебная функция по рассмотрению и разрешению процессуальных вопросов на досудебной стадии производства существенно выровняет возможности сторон обвинения и защиты, гарантирует достоверность судебных доказательств, поскольку доказательства становятся известны обеим сторонам только при состязательном способе их получения, становится реальной возможностью «адвокатского» расследования.

Если, к примеру, адвокат при сборе доказательств считает необходимым проведение по делу определенных следственных действий, он должен иметь право выбора: обратиться с ходатайством к следственному судье либо органу уголовного преследования.

По существующей форме расследования в большинстве случаев все следственные действия следователь производит по своему усмотрению. Законом адвокат наделен правом непосредственного обращения к следственному судье с ходатайством о производстве органом досудебного производства следственного действия независимо от решения органа уголовного преследования. Эти меры позволят усилить состязательные процессы на досудебных стадиях уголовного процесса и своевременно собрать необходимые для разрешения дела документы. Кроме того, непредставление адвокату в установленные сроки запрашиваемых им документов, материалов и сведений, требуемых для осуществления им профессиональных обязанностей, либо предоставление таких документов, материалов или сведений в неполном объеме влечет ответственность, предусмотренную ст. 668 КоАП. Ведь, как известно, сторона защиты, равно как и сторона обвинения, вправе использовать все законные средства и способы защиты и собирать доказательства.

Вносимые изменения — это очередной шаг, который, как предполагают разработчики, приблизит Уголовно-процессуальный кодекс Казахстана к базовым принципам развитых европейских стран. Принятие изменений в нормативные акты является исполнением поручения Первого Президента РК, данного им на открытии Парламентской сессии, и ставит своей главной целью приближение работы правоохранительных органов к международным стандартам, однако многие предыдущие поручения Н. А. Назарбаева о коренной модернизации правоохранительной системы так и остались невыполненными.

Список использованной литературы:

1. Концепция правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года: Указ Президента Республики Казахстан от 24 августа 2009 г. № 858 // www.akorda.kz/ru
2. «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам модернизации процессуальных основ правоохранительной деятельности»: См.: Распоряжение Премьер-Министра Республики Казахстан от 22 января 2018 года № 7-р «О мерах по реализации Закона Республики Казахстан от 21 декабря 2017 года «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам модернизации процессуальных основ правоохранительной деятельности» // hmb.kgd.gov.kz/ru/news/popravki-po-voprosam-modernizacii-processualnyh-osnov-pravoohranitelnoy-deyatelnosti-9-21495 // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35167041&doc_id2=38761617#pos=1;-8&pos2=0;0
3. Ахметжанов М. Поправки по вопросам модернизации процессуальных основ правоохранительной деятельности
4. Закон Республики Казахстан «Об оперативно-розыскной деятельности» от 15 сентября 1994 года № 154-ХІІІ // http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z940004000_
5. Государственная программа «Цифровой Казахстан» утвержденная Постановлением Правительства Республики Казахстан от 12 декабря 2017 года № 827 // <https://zerde.gov.kz/activity/management-programs/the-state-program-digital-kazakhstan/>
6. В РК планируется переход на цифровизацию уголовного процесса <https://www.zakon.kz/4888902-v-rk-planiruetsya-perehod-na.html>
7. Агыбаева Л. А. Реформирование уголовного процесса <https://sud.gov.kz/rus/content/reformirovanie-ugolovno-go-processa>

ТҮЙІН

Мақалада қылмыстық процестің қолданыстағы жүйесіне қатысты елеулі өзгерістер енгізілген құқық қорғау қызметінің процестік негіздерін жаңғырту мәселелері қаралады.

RESUME

This scientific article deals with the modernization of the procedural foundations of law enforcement, where significant changes have affected the current system of criminal procedure.

УДК 343.7

Саткунова А. Э., магистрант Института послевузовского образования, капитан полиции

(Карагандинская академия МВД РК им. Б. Бейсенова, г. Караганда, Республика Казахстан)

История развития законодательства об уголовной ответственности за преступления против собственности в Казахстане

Аннотация. В современный период наиболее актуальной проблемой является повышение эффективности действующего уголовного законодательства в борьбе с преступлениями против собственности, рост которых наблюдается в последние годы (увеличивается и ущерб от совершения). Историческое развитие норм уголовного законодательства об ответственности за хищения свидетельствует о постоянном увеличении объема и качества уголовно-правовой охраны всех форм собственности, что является позитивным моментом становления демократического общества в Республике Казахстан. Реализация мер ответственности за преступления против собственности — важное направление уголовной политики Казахстана. Проведенный автором исторический обзор позволяет сделать выводы,

которые необходимо учитывать при реформировании действующего уголовного законодательства в области охраны прав собственности.

Ключевые слова: преступление, уголовная ответственность, борьба, хищение, уголовное право, гражданское право, суд, собственность.

Во все времена преступления против собственности носили самый распространенный характер и расценивались как тяжкий проступок. Анализ литературы, посвященной государству и праву Казахстана и освещающей период развития государственности на его территории до и после соединения с Россией, позволяет сделать вывод о том, что нормы обычного права, которыми издревле регулировались отношения среди казахов, не знали разделения на уголовное и гражданское право, все решалось на основе обычного права, законов шариата. Одним из таких сводов обычного права, дошедших до нас, является «Жеті Жарғы», называющийся также «Уложение хана Тауке» [1, 98].

До соединения с Россией разбирательством по уголовным делам занимался суд биев, в состав которого входило от 4 до 8 биев. В качестве доказательств учитывались показания 2–3 свидетелей, а в случаях мошеннических действий, например, при продаже нездоровой скотины, в качестве экспертов могли быть задействованы знахари, занимавшиеся лечением животных [2, 18].

После соединения с Россией царским правительством предпринимались действия по изучению норм обычного права казахов с целью приведения их в соответствие с законами, действовавшими в Российской империи. В частности, в марте 1882 г. генерал-губернатором Западной Сибири уездным начальникам Семипалатинской области была разослана программа для изучения «юридических обычаев инородцев Западной Сибири» (т. е. казахов) [3, 189]. Три отчета уездных начальников по Семипалатинскому, Павлодарскому и Каркаралинскому уездам легли в основу специального выпуска, посвященного юридическим обычаям казахов, редактором которого стал П. Е. Маковецкий [4, 113].

Крупным законодательным актом в области уголовного права стало Уложение о наказаниях уголовных и исполнительных 1845 г., в котором термин «собственность» употреблялся в уголовно-правовом значении в качестве синонима «имущества» для обозначения всей массы имущественных прав и интересов в их многообразии [5].

Впоследствии Уголовное уложение 1903 г. объединило преступления «против имущества и доходов казны», а также «против собственности частных лиц» в рамках единых составов преступлений [6, 80].

Охрана собственности составляла одну из важнейших функций и Советского государства. О необходимости борьбы с хищениями говорится в изданных в первые годы существования Советского государства Декретах Совета Народных Комиссаров РСФСР «О суде» от 24 ноября 1917 г. № 1 [7], «О борьбе со спекуляцией, хищениями в государственных складах, подлогами и другими злоупотреблениями по должности в хозяйственных и распределительных органах» от 21 октября 1919 г. [8], Декрете ВЦИК и СНК РСФСР «О мерах борьбы с хищениями из государственных складов и должностными преступлениями, способствующими хищениям» от 1 июня 1921 г. [9].

В Уголовных кодексах РСФСР 1919 г. [10] и 1922 г. [11] в Основных началах уголовного законодательства Союза ССР и союзных республик 1924 г. [12] понимание уголовных правонарушений в качестве посягательств на собственность сохранилось в неизменном виде. Так, в Уголовном кодексе РСФСР 1922 г. ответственность за посягательства против социалистической собственности и за посягательства против личной собственности предусматривалась в главе VI «Имущественные преступления» Особой части. В 1925 г. в УК РСФСР 1922 г. были внесены изменения, а именно: установлены различные санкции за посягательства, направленные против государственной и общественной собственности, с одной стороны, и против частной собственности граждан, с другой.

В Уголовном кодексе РСФСР 1926 г. [13], в отличие от УК РСФСР 1922 г., такие посягательства, как незаконная охота, рыбная ловля, разработка недр, неосторожное повреждение морского кабеля, а также недоброкачественное строительство, стали признаваться преступ-

лениями против порядка управления. В числе преступлений против собственности, не являющихся хищением, называлось не только нарушение авторских прав и ростовщичество, но и присвоение вверенного имущества, вымогательство, а также мошенничество, которое стало толковаться как получение имущества с корыстной целью путем обмана или злоупотребления доверием.

Основным историческим актом в развитии советской доктрины преступлений против собственности стало постановление ЦИК и СНК СССР «Об охране имущества государственных предприятий, колхозов и кооперации и укреплении общественной (социалистической) собственности» от 7 августа 1932 г. [14]. Указанный нормативный акт дополнил традиционные главы республиканских Уголовных кодексов нормой о преступлении против социалистической собственности, предусмотрев ответственность за хищение грузов на железнодорожном и водном транспорте, а также за хищение колхозного и кооперативного имущества, установив крайне жесткое, вплоть до смертной казни, наказание за это деяние.

С принятием Указов Президиума Верховного Совета СССР «Об усилении охраны личной собственности граждан» и «Об уголовной ответственности за хищение государственного и общественного имущества» от 4 июня 1947 г. [15] в научной и учебной литературе почти полностью исчез термин «имущественные преступления».

В УК КазССР 1959 г. [16] законодатель разделил две формы собственности (социалистическую и личную) по самостоятельным главам Особенной части уголовного закона. В силу господствующих в те годы представлений о приоритетной роли социалистической (государственной или общественной) собственности закон всегда предусматривал повышенную ответственность за посягательства на эту форму собственности по сравнению с преступлениями против личной собственности. Поэтому в Особенной части УК КазССР 1959 г. глава II «Преступления против социалистической собственности» насчитывала 21 состав преступления, находилась сразу же после главы «Государственные преступления», а личное имущество граждан охранялось главой V «Преступления против личной собственности граждан», в которой было закреплено 11 составов преступлений.

Пробелом уголовного законодательства было и отсутствие разъяснения понятия хищения социалистической собственности путем злоупотребления служебным положением. Этот пробел был устранен Постановлениями Пленума Верховного Суда СССР «О судебной практике по делам о хищениях государственного или общественного имущества» от 31 марта 1962 г. [17] и «О служебной практике по делам о хищениях государственного и общественного имущества» от 11 июля 1972 г. [18], а также Пленума Верховного Суда КазССР «О судебной практике по делам о хищениях государственного или общественного имущества» от 28 июня 1985 г. [19].

Верховным Советом КазССР 15 ноября 1990 г. был принят Закон «О собственности» [20], в котором на законодательном уровне было закреплено равенство всех форм собственности. Данный нормативный акт явился одним из поворотных пунктов в истории Казахстана, повлекшим существенные изменения в рассматриваемой сфере правоотношений.

Указом Президента Республики Казахстан от 16 июля 1997 г. был принят Уголовный кодекс Республики Казахстан [21], при разработке которого учтены теоретические достижения отечественной науки уголовного права и сложившаяся судебно-следственная практика. Уголовный кодекс Республики Казахстан 1997 г. являлся концептуально новым по своей структуре и по содержанию отдельных конкретных правовых норм. В главе 6 «Преступления против собственности» законодатель закрепил 15 составов преступлений против собственности.

УК РК 1997 г. в сравнении с УК КазССР 1959 г. имел несколько существенных отличий: расположение преступлений против собственности после преступлений против личности и других глав; замена термина «похищение» на «хищение»; законодательное толкование общего понятия «хищение»; исключение уголовной ответственности за мелкое хищение чужого имущества, «утайку» чужого имущества либо пригульного скота; перенос некоторых статей в другие главы УК РК (уклонение от уплаты налогов и других обязательных платежей; неза-

конная порубка, уничтожение или повреждение леса); введение новых составов преступлений; уточнение отдельных признаков основного состава вымогательства; изменение содержания и перечня квалифицирующих признаков многих составов преступлений; значительное смягчение уголовно-правовых санкций за преступления против собственности.

Действующий Уголовный кодекс РК от 3 июля 2014 г. [22] практически без изменений воспроизвел главу 6 УК РК 1997 г. «Преступления против собственности», кроме двух новых статей — ст. 187 УК РК «Мелкое хищение» и ст. 202 «Умышленное уничтожение или повреждение предметов, имеющих особую ценность».

Подводя итоги, отметим, что в Республике Казахстан принимаются все необходимые нормативно-правовые акты по защите от уголовных посягательств на собственность. Проведенный нами исторический обзор позволяет сделать выводы, которые необходимо учитывать и при реформировании действующего уголовного законодательства в области охраны прав на собственность.

Историческое развитие норм уголовного законодательства об ответственности за хищения свидетельствует о постоянном увеличении объема и качества уголовно-правовой охраны всех Казахстан. Реализация мер ответственности за преступления против собственности — важное направление уголовной политики Казахстана.

Список использованной литературы:

1. История Казахстана с древнейших времен до наших дней. — Алматы, 1997. Т. 2.
2. Ахметова Н. С. Институт «Кун» в обычном праве казахов и его отмена Советской властью. — Алматы, 1993.
3. Қазақтың ата заңдары: Кұжаттар, Деректер және зерттеулер=Древний мир права казахов: Мат-лы, документы и исследования. 10 томдық / Бағдарлама жетекшісі: С. З. Зиманов. Қазақша, орысша, түрікше, ағылынша. — Алматы: Жеті жарғы, 2005. («Интеллектуал — Парасат заң компаниясы»). 6-том. — 2005.
4. Культелеев Т. М. Уголовное обычное право казахов. — Алматы: Жеті жарғы, 2004.
5. Уложение о наказаниях уголовных и исправительных. — СПб., 1845.
6. Таганцев Н. С. Уголовное уложение 22 марта 1903 г. — СПб., 1904.
7. Сборник указов РСФСР. 1917. № 4. Ст. 50.
8. Сборник указов РСФСР. 1919. № 53. Ст. 504.
9. Сборник указов РСФСР. 1921. № 49. Ст. 262.
10. Сборник материалов по истории социалистического уголовного законодательства (1917–1937 гг.). — М., 1938.
11. Уголовный кодекс РСФСР 1922 г. // https://histerl.ru/otechestvennaia_istoria/kratko_gosudarstvo_pravo/ygolovnie_kodeks_rsfsr.htm
12. Основные начала уголовного законодательства Союза ССР и союзных республик 1924 г.
13. Уголовный кодекс РСФСР 1926 г. // https://histerl.ru/otechestvennaia_istoria/kratko_gosudarstvo_pravo/ygolovnie_kodeks_rsfsr.htm
14. Уголовный Кодекс Казахской ССР от 22 июля 1959 г. // http://continent-online.com/Document/?doc_id=1004273
15. Ведомости Верховного Совета СССР. 1947. № 19.
16. Свод законов Казахской ССР. — Алма-Ата, 1991. Т. 13.
17. Постановление Пленума Верховного суда СССР «О судебной практике по делам о хищениях государственного или общественного имущества» от 31 марта 1962 г. // <http://www.consultant.ru/cons/cgi/online.cgi?req=doc&base=ESU&n=20089#03198122047541465>
18. Постановление Пленума Верховного суда СССР «О судебной практике по делам о хищениях государственного и общественного имущества» от 11 июля 1972 г. // <http://www.consultant.ru/cons/cgi/online.cgi?req=doc&base=ESU&n=4329#07853072059465795>

19. Постановление Пленума Верховного Суда Каз ССР «О судебной практике по делам о хищениях государственного или общественного имущества» от 28 июня 1985 г. // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1008539#pos=0;0

20. Верховным Советом КазССР 15 ноября 1990 г. был принят Закон «О собственности»

21. Уголовный кодекс Республики Казахстан: Учеб. изд. — Алматы, 1997.

22. Уголовный кодекс Республики Казахстан: Практ. пос. — Алматы, 2017.

ТҮЙІН

Мақалада құқықтық құжаттарды талдау негізінде автор меншікке қарсы қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік туралы заңнаманың даму тарихын қарастырады.

RESUME

In the article, based on the analysis of legal documents, the author reviews the history of the development of legislation on criminal responsibility for crimes against property.

ӘОЖ 343.4

Н. С. Сембиев, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

Автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын жымқыру мақсатынсыз заңсыз иеленудің субъективтік жағы

Аннотация. Біздің өмірімізде автомобиль немесе өзге де көлік құралдары деңгейінің уақытқа сай қоғамдағы қарқынды өсу жағдайындағы маңыздылығы, оған сәйкес тиісті түрде қолдану талаптарының көтерілуі, автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын жымқыру мақсатынсыз заңсыз иеленудегі қолданылатын қылмыстық жауаптылықтың күрделі мәселелерін шешудің ғылыми және тәжірибелік қызығушылығын тудырып отыр.

Сондықтан да меншікті қылмыстық қолсұғушылықтан қорғау ҚР ІІО бөлімшелері мен қызметтерінің алғашқы міндеттерінің бірі ретінде көрініс табады. Соңғы кезде қылмыстың бұл түрінің сандық және сапалық көрсеткіштері ғана емес, сонымен бірге жасау тәсілі де өзгеріске ұшырады. Автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын жымқыру мақсатынсыз құқыққа сыйымсыз иеленіп алудың субъективті белгілеріне талдау жасалады.

Түйін сөздер: автомобиль, иелену, құқыққа сыйымсыз, жымқыру мақсатынсыз, көлік құралдары, субъективтік жағы, кінә, мақсат, қоғамға қауіптілік, айдап кету.

Қылмыстың субъективтік жағы — кінәлінің қоғамға жасаған қауіпті әрекеті және оның зардаптарына қатысты психикалық қарым-қатынасы. Яғни бұл кінәлінің өзі жасаған қылмысқа қатысты кінәлі ниет және мақсатпен сипатталатын адамның қылмыс жасау кезіндегі ішкі ой жүйесінің психикалық қарым-қатынасы. Ал қылмыстың мақсаты қылмыстың субъективтік жағының бір белгісі ретінде қылмыс жасаушы адамның жетуге тиіс ұмтылатын нәтижесі болып танылады.

Бірқатар қылмыстың құрамында кінәнің нысаны заң беттерінде тікелей белгіленеді. ҚР Қылмыстық кодексінің 200-бабымен көзделген қылмыс құрамы бойынша кінәнің нысаны ашық көрсетілмеген.

Автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын айдап кету тек қасақаналықпен жасалынады. Осыған ұқсас кінәнің басқа нысаны тікелей қасақаналық интеллектуалдық және ерікті жағымен сипатталынады.

Интеллектуалды белгілері бойынша кінәлі адам автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын заңсыз иеленуге баға береді және иеленуді қалайды немесе өз әрекетінен пайда болатын қоғамдық қауіпті зардаптарын алдын ала біледі.

Қасақаналықтың ерікті белгісі кінәлі адамның қылмыстық әрекетті жүзеге асыруды қалауын сипаттайды. Демек, бұл — тұлғаның өз әрекетінің қоғамға қауіп туғызуы мүмкін екенін ұғынуы және осы зардаптың болуының мүмкін екенін алдын ала білуі немесе осы зардаптың болуын қалауы. Көлік құралын заңсыз иеленуде кінәлі адам өзінікі болып танылмайтынын және көлік құралын жүргізуге ешқандай құқығы жоқ екенін сезе тұра, көлік құралын заңсыз жүргізуді немесе пайдалануды қалайды.

Көлік құралын айдап кетудегі жауаптылықты белгілейтін қылмыстық-құқықтық норманы жүзеге асыруда кінәлінің қылмыс жасауға бағытталатын қылмыс түрткісі мен мақсатының мазмұны толық ашып көрсетілуі тиіс. Қылмыстық жүріс-тұрыстың пайда болуында орын алатын қылмыстың түрткісі мен мақсаты бір-бірімен тығыз байланысты және де оны анықтау үшін қылмыстың жасалу себебі мен жағдайына толық зерттеу жүргізу қажет.

Қазіргі кезеңде қылмыстың алдын алу, оны болдырмау немесе ескерту қылмыспен күресудің ең басты бағыты болып отыр. Осыған байланысты қылмыстың түрткісі мен мақсатын жан-жақты анықтау мен оқып-үйрену үлкен рөл атқарады. Көлік құралын айдап кетудің субъективтік жағы кінәлінің қоғамға қауіпті әрекетінің психикалық сипатын анықтайтындықтан, көлік құралын жымқыру мақсатынсыз заңсыз иелену заңдық құрылысына қарай формалдық қылмыс бола алады. Осы қылмысы үшін кінәлінің қылмыстық жауаптылыққа тартуда келтірілген қылмыстық зардап мәнді белгісінің бірі ретінде жете анықталмаған, бірақ зардап келтірілген жағдайда оны дұрыс анықтау маңызды болып танылады.

Мұндай формалдық сипаттағы қасақаналықтың теориялық негіздемесі ҚР Қылмыстық кодексі 20-бабының 2-бөлігі бойынша, егер адам өз іс-әрекетінің қоғамға қауіптілігін сезсе, қоғамға қауіпті зардаптардың мүмкіндігін немесе болмай қоймайтынын алдын ала білсе және олардың туындауын қаласа, қылмыстық құқық бұзушылық тікелей ниетпен жасалған деп танылады [1, 32].

Сонымен, көлік құралын жымқыру мақсатынсыз заңсыз иеленудің объективтік жағы белсенді әрекет болғандықтан, яғни көлік құралын заңсыз түрде иелену болып танылатындықтан, бұл қылмыс кінәнің қасақаналықтағы нысанымен жасалынады.

Көлік құралын айдап кетудегі қоғамдық қауіпті сипатты сезіну, кінәлі адам әрекетінің әлеуметтік нақты мән-мағынасын білдіреді. Зардаптың нақты мағынасының көрінуі кінәлі адам үшін көлік құралын айдап кетудегі әрекетінің қоғамға қауіпті екенін сезінуге септігін тигізеді. Қоғамға қауіпті әрекеттің жасалуы туралы кінәлі адамның ойында орын алуы немесе қылмыстық құқыққа қайшылық сезімнің болуы кінәлілікті толық айқындауда жеткілікті болуы туралы сұрақ бәсекелестікті тудырады.

Мысалы, А. А. Пионтковский қылмыстық құқыққа қарсылықты анықтайтын қасақаналықтың болуы үшін қоғамдық қауіптілікті сезіну белгісінің орын алуы қажет дейді, себебі қоғамға қауіптілік пен құқыққа қайшылық әрекеттер қылмыстық құқықтағы мазмұн және нысан сияқты байланысқан деп таниды [2, 108].

Осыған байланысты көлік құралын айдап кетуге қатысты тікелей қасақаналықтың интеллектуалды кезеңі кінәлі адам үшін оның сана-сезімінде қоғамға қауіпті сипатта орын алуы қажет, ал қылмыстық құқыққа қайшылығы туралы оның білуі қоғамға қауіптілікті күшейтеді және қылмыстық жауаптылыққа тартудың сұрақтарын шешудегі міндетті шарты болып табылады.

Көлікті айдап кетудегі тікелей қасақаналықтың мазмұны кінәлі адамның әрекетінің қоғамға қауіпті сипаттағы көрінісімен ғана емес, сондай-ақ бірге құқыққа қайшылығымен де сипатталынады. Егер де адам көлік құралын жүргізуге құқығым бар дей отырып, шын мәнінде, қателесе, оның көлік құралын жүргізуге нақты құқығы жоқ бола тұрса да — қылмыстың құрамы орын алмайды. Сол сияқты басқа бір бөтен адамның көлік құралын қателесіп айдап кету нақты мән-жай бойынша қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтырмауы тиіс.

Жаза тағайындау мен қылмыстық-құқықтық сұрақтарды шешуде қылмыстың түрткісі мен мақсатын анықтау маңызды орын алады. Қылмыстың «түрткісі» мен «мақсаты» — қылмыстың субъективтік жағына қатысты белгілері. Қылмыстың түрткісі мен мақсаты — қасақана қылмыстардың себепті механизмінің психологиялық компоненті болып танылады.

Қылмыстың мақсаты – себепке қарағанда қылмыс жасаушы тұлға жетуге ұмтылатын нәтиже. Психиканың ішінде жасырын жатқан әуестік пен сезімді қозғап себепке айналдыратын — дәл осы мақсат. Істің түрі, оның тәсілі мен құралы да осы мақсатқа байланысты.

Сонымен, себеп пен мақсат әрқайсысы жеке түсінік болғанымен, себептің — түрткі, мақсаттың – қылмыстық іс барысында қалаулы ақтық нәтиже екенін ескере отырып, бір-бірінен ажырату керек [3, 143].

Қылмыстың мақсаты — субъектінің жүріс-тұрысын реттеушісі ретінде көрінетін және субъект үшін оймен қажет деп саналған немесе оның орындалуы үшін талпындыруға себеп болғандығы не белгілі бір әрекетін жүзеге асыруы үшін қалауы болып табылады. Мысалы, кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауына екі нәрсе себеп болатыны мәлім болды. Олар: пайдакүнемдік және зорлықшыл өзімшілік. Көптеген қылмыстық әрекет құмарлық пен әуэсқойлықтан, көңіл көтеру, батылдық таныту мен күш немесе тапқырлық көрсету, өзінің кім екенін құрдастарына мойындату ниетінен туындайды. Осымен байланысты пайдакүнемдік мақсатта (жымқыру мақсатынсыз) жасалған көлік құралын айдап кету, материалдық пайда көру ниетімен емес, керісінше, жолдастарының алдында ептілігін, тапқырлығын көрсету, сол арқылы беделге ие болу мақсатында жасалады. Сонымен қатар «өз қатарынан қалмас үшін», оларға «серік болу үшін», «қорқақ» атанбас үшін осындай қылмыстар жасау көп кездеседі.

Егер де қылмыстың түрткісі кінәлінің пиғылын оятса, ал мақсат нәтижеге жетуге бағыт береді. Заң шығарушы анықтамаларында көлік құралын айдап кетуге қатысты қылмыстың түрткісі нақты белгіленбеген, бірақ бұл мән-жай қылмыстың жасалуында орын алатынын жоққа шығармайды. Басқа да формалды қылмыс құрамдарына қатысты қылмыстың түрткісі мен мақсаты көлік құралын айдап кетуде жалпы сипатқа ие және күрделі тұрғыдан ажыратылады. Соның ішінде қылмыстың мақсатын анықтау ерекше орын алады.

Зерттеулер анықтағандай, көлік құралын айдап кетудің мақсаты әртүрлі болып танылуы мүмкін, бірақ көбінесе кінәлі адам өзінің қажеттілігін қанағаттандырады. Мысалы, көлік құралдарының 55,5 % қыдыру мақсатында жасалынса, 18 %-ы белгілі бір орындарға (тұрғылықты пунктерге) жетіп қалу; 8 %-ы үйге тезірек жету; 10 %-ы қылмыс жасауы немесе одан жасырынуы үшін пайдалану; 5 %-ы көлік құралы иесіне жағымсыз әсер ету мақсатында; 2 %-ы т. б. мақсатта жасалынады.

Қылмыстың субъективтік жағы бойынша кінәлінің ойында бөтеннің көлік құралын жүргізуге немесе басқаруына, шын мәнінде, ешқандай құқығының болмағанын заңсыздық белгілері сипаттайды. Осы негіздерге байланысты отбасы мүшелерінің өз бетімен көлік құралын (автомобиль, мотоцикл т. б.) иесінің келісімінсіз жүргізуі қылмыс құрамының белгілерін құрай алмайды. Отбасы мүшелері автомобильді бөтен деп санамайды, сондықтан олардың әрекеттері қасақана болуы мүмкін емес. Көлік құралы иесінің келісімі арқылы жүйелі түрде қолданып жүрген тұлғаның әрекеті сенім құжатынсыз пайдаланғандығы болғанның өзінде, қылмыс құрамын құрай алмайды, себебі айдап кетуі туралы қасақаналықтың белгілері жоқ. Шын мәнінде, жаңылысу (адасу, шатастыру) жауаптылықты жоққа шығарады.

Демек, абайсыздықта болған айдап кетуге жаза тағайындалмайды. Жоғарғы сот органы көлік құралын айдап кетуді анықтауға ерекше назар аудара отырып, көлік құралын жымқыру мақсатынсыз заңсыз иеленуді көлік құралын айдап кету деп таниды. Көлік құралын айдап кетуді кінәлі адам әртүрлі мақсатта жүзеге асыратындықтан, оларды нақты анықтау іс жүргізуді дұрыс бағыттау, қылмысты дұрыс саралау немесе басқа да ұқсас қылмыстардан (тонаудан, жымқырудан) айырмашылығын анықтауды және қылмыстың ауырлығына сәйкес кінәлі адамға жаза тағайындауды қамтамасыз етеді.

Көлік құралын айдап кетуде талан-таражға салу мақсатының болмауын дәлелдейтін мән-жай олардың айдап кеткен көлік құралын одан әрі пайдалануға мүмкіндігі бола тұра, меншігіне айналдырмай, өз еркімен тастап кетуі болып табылады.

Көлік құралын тонау белгілерінің болуы деп мынадай мән-жайды айтамыз: сыртқы бейнесін өзгерту (кузовын қайта бояу, тіркелу белгісін өзгерту, жалған құжат дайындау, басқа шет мемлекеттерге өткізу, кейбір агрегаты мен бөлшектерін айырбастау немесе ұзақ мерзімде өз жеке меншігі ретінде көлік құралын пайдалануы т. б.).

Заң әдебиеттерінде кінәлі адамның көлік құралын айдап кетуі кезіндегі өздігінше пайдалану мерзімінің ескерілуі қажеттілігі туралы айтылған. Мұны біз де ескере келе, Жоғарғы сот органының көлік құралын айдап кетудегі пайдалану мерзімі критерийлерін белгілегені дұрыс болар еді деп есептейміз және ол осыған сәйкес ұрлық ретінде саралануы тиіс. Сондықтан да кінәлі адаммен айдап кетілген көлік құралын пайдаланудағы уақыт аралығының анықталынуы белгілі бір қызығушылықты тудырады.

1968 жылы Ұлыбританияда көлік құралын тонаумен бірге ұрлық туралы заңның 12-бабына сәйкес бөтеннің көлік құралын ұрықсатсыз пайдаланғандығы үшін қылмыстық жауаптылық белгіленген. Мән-жайға байланысты тонаудан айырмашылығын нақты анықтайтын қажетті қылмыстың субъективтік белгісі — пайдақорлық мақсатқа негізделген және айдап кету түрінің бірі ретінде қарастырылады. Көлік құралдарын тонау мен айдап кетуді жеке қылмыс ретінде бөліп қарастыру АҚШ заң атқарушылығымен де белгіленген. Олардың ортасында да айдап кетушінің автомобильді қосып алу ниетінің болмауы белгілері тұр. Сонымен қатар Иллинойс штатының қылмыстық кодексін құрастырушылар, егер қылмыскер бөтеннің көлік құралын заңсыз иеленіп және оны тастап кетуі меншік иесінің іздеп табуына қиындықтар тудырған жағдайларда кінәлі ұрлық бойынша жауаптылыққа тартылады деп белгілейді [4, 67]. Біздіңше, мұндай негіздемелер кінәлінің жауаптылық қағидаларына қарама-қайшы келеді.

Автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын жымқыру мақсатынсыз заңсыз иелену мен оны талан-таражға салудың айырмашылығын анықтау кейбір жағдайда қиындыққа әкеп соқтырады, себебі қылмыстың аяқталуынан басқасы қоғамға қауіпті осы әрекеттердің жасалу себептері мен жағдайлары, кінәлінің жеке басы, біртектес объектісі мен заты немесе қылмыстың объективтік жағы элементтері ұқсас болып келеді.

Ал заңгер В. Лихолая бізді құптай отырып, айдап кету көлік құралының бөлшегі болып табылмайтын заттарды тонау мақсатында жасалынса, кінәлінің әрекеті нақты қылмыстың жиынтығы бойынша сараланады деп түсіндіреді [5, 67]. Алайда көлік құралын айдап кету тонауға қатысты қылмыстың тәсілі ретінде көрінеді. Көлік құралын айдап кетудің түсінігі оның бөлшектеріне немесе оның ішінен табылған жүктерге емес, керісінше, жалпы біртұтас көлік құралына қатысты болып табылады.

Егер көлік құралын айдап кеткеннен кейін кінәлінің ойында көлік құралы бөлшектерін немесе ондағы табылған заттарды иемденіп алу мақсаты пайда болса, жасалған әрекет мүлікті иемденудің тәсіліне қарай бөтеннің мүлкін жымқыру ретінде танылып, қылмыстың жиынтығы бойынша сараланады.

Көлік құралдарын айдап кетуде кінәлі адам өзінің алдына қойған мақсатын немесе ниетін қанағаттандырады (жүзеге асырады). Сонымен қатар көлік құралын заңсыз айдап кеткен адамның ойында жеке басына қатысты емес қызығушылығы болуы да мүмкін, мысалы, бөтен адамның мүлкін белгілі бір орынға жеткізуге көмектесу және т. б.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, біз көлік құралын айдап кету көлікті уақытша заңсыз пайдалану мақсатында жасалынады және де кінәлінің көлікті заңсыз айдап кетуіне әкеп соқтырған қандай да болсын шешімдерінің сотпен әсері ескерілмейді, сондай-ақ бір ғана мән-жайдың, яғни айдап кетуде кінәлі адамның ойында көлік құралын өз меншігіне айналдырып алуы сияқты белгілерінің болмауы тиіс деп танымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 ж. 07 ақпан. — Алматы, 2019.
2. Ағыбаев А. Н. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім. — Алматы, 2015.
3. Әблезов Е. Қазақстан Республикасы Қылмыстық заңы бойынша автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын заңсыз айдап әкету қылмыстары үшін қылмыстық жауаптылық: Автореф. дис. ... заң ғылым. канд. — Алматы, 2003.
4. Хомич В. М. Ответственность за угон автотранспортных средств // Советская юстиция. — М., 1980.
5. Лихолая В. Ответственность за угон средств механического транспорта по уголовному законодательству союзных республик: Ученые записки // Латвийский гос. ун-т им. П. Стучки. — Рига, 1973. С. 188.

РЕЗЮМЕ

В статье автор рассматривает субъективную сторону неправомерного завладения автомобилем или иным транспортным средством без цели хищения.

RESUME

The article deals with that group object in crimes against property are the property relations in general, including the right of the owner to possess, use and dispose of their property.

ӘОЖ 343

М. С. Смаханов, қылмыстық процесс кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процесс заңнамасының кейбір мәселелері

Аннотация. Мақалада Қазақстан Республикасында жүргізілген құқықтық реформаның басты мәселесі — азаматтардың құқығы мен бостандығын қамтамасыз ету болып табылатыны сөз болған. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық процесстік заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелері қаралған. ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің 25-тарауындағы күдікті мәртебесі де қарастырылған. Автор қылмыстық процесстің қазіргі кодексіне салыстырмалы талдау жүргізіп, соған қатысты мәселелерді көрсеткен.

Түйін сөздер: Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі, күдікті іс-әрекетінің саралауын айқындау, күдіктінің іс-әрекетін саралау қаулысы, адамды күдікті деп тану.

Қазақстан Республикасының Президенті — Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол — болашаққа бастар жол» атты Жолдауында «Барлық құқық қорғау жүйесі жұмысының сапасын арттыру қажет. Зор өкілеттілік пен құқық иеленген шенділер мінсіз мінез-құлқымен және жоғары кәсіби деңгейімен ерекшеленуі тиіс. Аса маңызды міндет — сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегияны қалыптастыру және іске асыруда жалғастыру», — деп атап өтті.

ҚР Конституциясы халықаралық-құқықтық актілердің артықшылығын мойындай отырып, адамның ең жоғары құндылығы оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп бекітті. Тұрақты тіршілік ету мен үдемелі дамудың, қазақстандық азаматтардың лайықты жағдайы мен өмірлік деңгейін қалыптастырудың конституциялық шарттары құқық бұзушылықты ескерту мен оның жолын кесу, қылмыстылықпен күрес жүргізу, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады.

ҚР-да жүргізілген құқықтық реформа елімізде демократиялы, зайырлы, әлеуметтік, құқықты мемлекет құруға бағытталған. Аталған мақсат мемлекет қызметінің басым бағыттары ретінде азаматтардың құқығы мен бостандығын сақтауды жариялайтын еліміздің Конституциясында бекітілген [1].

ҚР-да жүргізілген құқықтық реформаның басты тағайындауы қылмыстық сот өндірісінің барлық сатысында заңнамалық жүзеге асыру, адам және азаматтардың құқығы мен бостандығын қамтамасыз ету болып табылады.

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап ҚР-ның қолданыстағы қылмыстық істерді жетілдіруге бағытталған Қылмыстық процесілік кодексі жаңа редакцияда күшіне енді.

Мысалы, ҚР Қылмыстық процесілік кодексіне тараптардың куә мен жәбірленушінің айғақтарын сақтап қоюға қатысуға тең жағдайларды қамтамасыз ететін ереже енгізілді және алдын алу шараларын қолдану кезінде кепілдің мөлшері екі есе азайды.

Жалпы алғанда, жоғарыда аталған кодекс қазіргі заман жағдайында қылмысқа қарсы күресті күшейту тек егемен мемлекет азаматтарының ғана емес, сонымен бірге мемлекеттің мүдделерін қорғау деңгейін арттыру мақсатында қылмыстық заңнаманы жетілдіруге бағытталған.

Қолданыстағы нормаларды алып қарасақ, біздің ойымызша, толықтырулар мен өзгерістерді талап етеді.

ҚР Қылмыстық процесілік кодексінің 25-тарауы адамды күдікті деп тану және күдіктінің іс-әрекетінің саралануын айқындауға арналған.

Атап айтқанда, ҚР Қылмыстық процесілік кодексінің 202-бабында адамды күдікті деп тану туралы қандай талаптарды орындау керектігі айтылады және осы процесілік құжаттарда мынадай мәліметтер болуы тиіс:

1) оның жасалған уақыты мен орны; қаулыны кімнің жасағаны; күдікті деп танылатын адамның тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), оның туған күні, айы, жылы және туған жері;

2) адамға қандай қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілетіні көрсетілуі тиіс.

Кәсіптік және қызметтік міндеттерін орындауға байланысты қылмыстар жасаған кезде адвокатты, прокурорды, тергеушіні, анықтаушыны, тергеу бөлімінің бастығын, анықтау органының бастығын күдікті деп тану туралы қаулыны прокуратура басшысы бекітеді.

ҚР Қылмыстық процесілік кодексінің 204-бабында күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыда қандай мәліметтер міндетті түрде мазмұндалуы тиіс:

1) оның жасалған уақыты мен орны; хаттаманы кімнің жасағаны; күдіктінің тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), туған күні, айы, жылы және туған жері;

2) қылмыстың жасалған уақыты, орны, сондай-ақ осы Кодекстің 113-бабына сәйкес дәлелденуге жататын өзге де мән-жайды көрсете отырып, осы адам жасады деп күдік келтірілген қылмыстың сипаттамасы;

3) адамға оны жасады деп күдік келтіріліп отырған қылмыс үшін жауаптылықты көздейтін қылмыстық заң (бап, бөлік, тармақ) көрсетілуі тиіс.

Бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілген кезде күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыда қылмыстық заң баптарының (бөліктерінің, тармақтарының) әрқайсысы бойынша адамның нақты қандай әрекеттер (әрекетсіздік) жасады деп күдік келтірілетіні көрсетілуі тиіс [2].

Көрсетілген екі бапты зерделей отырып, тек күдіктінің іс-әрекетін саралау қаулысында ғана адамның қылмыс жасағаны туралы күдікті растайтын оған қатысты жеткілікті дәлелдемелер болғанын көрсетеді.

Бұл тарауды қарастыру барысында, біздің ойымызша, адамды күдікті деп тану туралы жариялау қажетті рәсімдік құжат болып табылмайды.

С. А. Денисовтің пікірінше, айып тақпай-ақ құқықты қолданушы негізі бар дәлелдемелердің жеткілікті екеніне көз жеткізу керек. Алайда бұдан бұрынғы талаптарға

сәйкес ұсынылған айыптың бар екені өкілетті адамнан қаталырақ тәртіпті талап ететін және адамның қорғалу құқығын қамтамасыз етуші еді [3].

Қазақстан Республикасының Президенті – Н. Ә. Назарбаев атап өткендей, адамның бұзылған құқығын қалпына келтіру және мүмкіндігінше қамауда ұстау орындарына барынша көп адамды жібермеу. Сонымен қатар процеске қатысушылардың қандай да бір құқығы бұзылмаса, ол ешқандай шағымға жасамайды, содан әділеттілік те қалпына келеді деп есептейміз [4].

Жоғарыда айтылғандардың негізінде ҚР-ның қолданыстағы қылмыстық процестік заңнамасын өзгерту мәселелерін талқылау және қарау ұсынылады. Оның ішінде, ҚР Қылмыстық процестік заңнамасының 25-тарауындағы «адамды күдікті деп тану туралы жариялауды» туралы 202-бабын осы тараудың 203-бабымен «күдікті іс-әрекетінің саралануын айқындаумен алмастыру» қажет деп білеміз.

Осылайша, ҚР Қылмыстық процестік кодексінің жоғарыда аталған баптарының арасына өзгертулер енгізілу ұсынылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н. Ә. Назарбаев Сот төрелігі — бұл әділдік // Заң газеті, 2001 ж. 11 маусым.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі: Оқу-практ. құралы. — Алматы, 2015.
3. Денисов С. А. Законность и обоснованность соединения и выделения уголовных дел. — М., 2004. — С. 105-106.
4. Выступление Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева на совещании руководителей правоохранительных структур республики // Юрист. 2002. 29 марта.

РЕЗЮМЕ

Автором проведен анализ действующего Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан, акцентировано внимание на вопросах, представляющих интерес для его практического применения, предлагаются пути решения обсуждаемых вопросов.

RESUME

In the article the author analyzes the current criminal procedure code and draws attention to issues of interest for its practical application, and he proposes solutions to the issues under discussion.

ӘОЖ 343.131.2

Ө. А. Тұрғанов, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының доценті заң ғылымдарының магистрі, полиция подполковнигі

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

Қылмыстық сот ісін жүргізудегі жариялылық қағидасының тарихи дамукезеңдері

Аннотация. Ол дәуірде қылмыс жасаған тұлғаларды немесе басқа да тәртіп бұзушылыққа қарсы күрес жүргізу барысында азаптау трибуналдары жариялылықтан тыс құпиялы болған. Азаптау іс жүргізудің басты белгілерінің қатарына жауаптардың бұрмалануы мен жалған куәлар, адамдарға заң көмегін көрсетудің қарапайым мүмкіншіліктерінің болмауы, оларды сот және тергеусіз жазалау, сот үкімін орындаушылардың жанға батырып азаптаулары кірген. Осындай заңсыз жазалап, азаптау іс-әрекетін орындаушылар өздерінің жасағандары туралы құпияны ашау туралы ант берген.

Сонымен бірге үкім шығарылған адамды отқа жағу жолымен көпшілік алдында ашық түрде жазалау түрі дағдыланып қатаң сақталған. Осындай жариялы түрде өтетін

жазалау көрінісіне қатысудан бас тартқан адамдардың өзі күдік келтіріп, өміріне қауіп туғызатын.

Түйін сөздер: қазақтың әдет-ғұрып құқығы, құқықтық жүйе, әдет құқығы, билер соты, қылмыстық сот ісін жүргізу қағидасы, ұлттық дүниетаным, қазақ, көшпелі, қоғам, құқықтық, таным, қылмыстық сот ісін жүргізу жариялылығы, әділ сот ісін жүргізу, еркін ойлау т. б.

Қазақстан Республикасының 2010–2020 жылдарға арналған жаңа Құқықтық саясат тұжырымдамасы — қылмыстарды жылдам әрі толық ашу, қылмыс жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды тиісінше қолдану мақсатында қылмыстық процесс заңнамасын және жедел-ізвестіру қызметі туралы заңнаманы тиімді қолдануды көздейтін оңтайлы құқықтық құралдарды әзірлеуді талап етеді.

Қылмыстық істер бойынша процестің заңмен белгіленген тәртібінде негізсіз айыптау мен соттаудан, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеулерден мүлтіксіз қорғауды қамтамасыз етуге, кінәсіз адамды айыптаған немесе соттаған жағдайда оны тез арада және толығымен ақтауға, сондай-ақ заңдылық пен құқық тәртібінің нығаюына, қылмыстың алдын алуға, құқыққа құрметпен қарауды қалыптастыруға ықпал етуге тиіс деп көрсетілген [1].

Осыған байланысты қылмыстық сот ісін жүргізудің жариялылығы қылмыстық процес құқығындағы қағидалар жүйесінде басты орындардың бірін алатыны анық. Ежелгі Римнің өзінде қылмыстық сот ісін жүргізу халық алдында ашық жиналыс ретінде өткізілген. Ал кейіннен адамға айып тағу барысында халықтың қатысуын қамтамасыз ететін және процестің барлық сатысының жариялы түрде өтуін қадағалайтын тұрақты комиссиялар құрылған болатын. Сол кезде Римнің әрбір азаматы өзіне қатысты шығарылған үкімге халық алдында апелляциялық шағым білдіруге құқылы болған [2, 123].

Айтулы ғалым С. Зиманов қазақтың әдет-ғұрып құқығын арнайы мәдени құбылыс ретінде қарап, «көшпелілер өмір сүрген Еуразия кеңістігі өзіндік ерекшелігі бар, өзін тұтастай сақтап қалған кеңістік. Бұл кеңістікте өзіндік бір «реттеу жүйесі» қалыптасқан. Яғни онда өзін-өзі реттеп отыратын арнайы нормативті құқықтық жүйе болды. Бұл әдет құқығы жүйесі Шығыс Рим құқықтық реттеу жүйесіне жақын. Әдет құқығы билер сотына көп көңіл бөлді. Ол берік жүйелердің бірі болған дейтін дәйектер келтіреді [3, 31].

